**2025-2026 оқу жылына арналған**

**тәрбиелеу –білім беру процесінің циклограммасы**

**Тәрбиеші:** Мырзатаева З.Е.

**Мектеп :** « №34 орта мектебі»

**Класс:** 0 «А»

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Топ/ сынып - мектепалды 0 «А» сыныбы Балалардың жасы- 5 жас**

**Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету) – 02-05 қыркүйек 2025ж. Құндылықтар: Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы**

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен карсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту **(Сөйлеуді дамыту).**<br>**Күй күмбірі:»Айжан» күйі** -балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қалірлей білуді калыптастыру, ұлттық мәдениетке кызығушылықты арттыру. **«Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасы**<br>**Апта дәйекі сөзі:** «Еңбек — қуаныштың кілті.». **«Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| | | **«Үлгілі көмекші»** (үй шаруасына көмектесу)<br>**Мақсаты:** Үйдегі карапайым істерді (үстел жинау, ойыншықтарды реттеу т.б.)орындау ға ынталандыру.<br>**«Адал азамат»біртұтас тәрбие бағдарламасы** | **«Өзім және отбасым»**<br>**Мақсаты**: Отбасындағы қарым - қатынас мәдениеті туралы айта алады бақытты жанұяның қандай болу керектігін кеңінен түсінеді | **«Бұны қай кезде киеді?»**<br>**Мақсаты:** әр жыл мезгілінде қандай киімдер киетінін баяндай алады | **Бақша да ма,бау да ма?**<br>**Мақсаты**: Жемістер мен көкөністерді ажырата алады |
| Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру | | «Мектебім – мейірім мекені!». тақырыбында ақпарат беру. **«Адал азамат»біртұтас тәрбие бағдарламасы** | **Ата-аналарға тапсырмалар:**<br>Балаңызбен бірге отбасылық күн тәртібін жасап көріңіз<br>**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы** | **Ата-аналарға кеңес:**<br>«Баланы күнделікті тұрмыстық істерге қатыстыру – жауапкершілік пен дербестікке тәрбиелеудің негізі». **«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы** | **"Менің тілім – менің қазынам"** атты сурет жұмысын баламен бірге орындау. |
| Балалардың дербес іс-әрекеті (кимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалары) | | **«Қауіпсіздік ережелері»**<br>«Мектептегі қауіпсіз мінез-құлық ережелері» мектептің суреттеріне қарап әңгімелеу. Сынып ережелерін құру **(танымдық, зерттеу іс-әрекеті) «Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасы** | **Ойын атауы: "Менің құқығым бар!"**<br>**Мақсаты:**Балаларға қа рапайым құқықтық түсі ніктерді (аты-жөні, үйі, отбасында өмір сүру, оқу, ойнау құқығы т.б.) түсіндіру.**Құқықтық сауаттылықты қалыптастыру** | **Ойын: "Дүкенге бардық"**<br>**Мақсаты:** Ақша қайда жұмсалады, неге бәрін бірден сатып алуға болмайтынын үйрету.**Қаржылық сауаттылықты қалыптастыру** | **Үстел –үсті ойыны:**<br>**«Менің мектебім»**<br>**Мақсаты:** Түрлі-түсті таяқша көмегімен мектебін құрастыру.**Жеке қауіпсіздік** |
| Таңертеңгілік жаттығу | | Картотека № 1 | Картотека № 2 | Картотека № 3 | Картотека № 4 |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық** | ҰІӘ тақырыбына сай | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| КестегесәйкесҰІӘ | | **Қоршағанәлемментаныстыру:**<br>**Міндеті:** Баланың жасына бай ланысты дене, мінез-құлық жә не қызығушылықтарындағы өзгерістерді байқауғаүйрету;Өзінқоршағанортамен байланыстыра білуге баулу.<br>**Тәрбиеші:** Бүгін біз ерекше ойын арқылы өзімізді және қоршаған ортамыздыжақынырақтанимыз.Қалай ойлайсыңдар, біз күннен күнге өзгере беремізбе?<br>**Ойын:«Өзгерістерпойызы»**<br>**Мақсаты:**жасерекшеліктерін салыстыру<br>**Айнаменжұмыс:**«Менкіммін?»(5 минут)<br>**Мақсаты:**өзбейнесінтану,өз-өзіне баға беру<br>Қимыл-қозғалысойыны:«Өскен сайын...» (5 минут)<br>**Мақсаты:**денеқозғалысыарқылы өзгерістерді көрсету<br>Тәрбиешіқимылменсипаттамабереді, балалар оны орындайды:<br>– «Сәбисияқтыеңбекте»<br>– «Баласияқтысекір»<br>– «Жасөспірімсияқтыжүгіру»<br>– «Ересексияқтыжүр»<br>– «Қартадамсияқтытаяқпенжүр»<br>**Қорытынды.**<br><br>**Сөйлеудідамыту:**<br>Міндеті:Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссызб-пдыбыстардыдұрыс,анық айтуды үйрету.<br><br>Ойын:«Ойлан,тап»Шарты:Жұмбақ жасыру.<br>Өзі біреу, көзі үшеу. (бағдаршам)<br>Су астында қыстайды. (балық)<br>Кішкентай ғана сары үрпек,<br>Әріқорқақ,әріүркек.<br>(балапан)<br>Үстіндеесігі | **Математиканегіздері**<br>**Міндеті:**заттаржиынынанбірзатты бөле білуге үйрету.<br>Ойын:«Паравоз».<br>Паровозым пойызым, қане кімнің бойы ұзын? (тәрбиешінікі) олай болса мен паровоз боламын, ал сендерменіңвагонымболасыңдар. Қазір өз сыныбымыздың ішінде саяхатқа шығып келеміз. Неше паровоз бар? (біреу) Ал вагондар қанша? (көп)<br>2.Негізгікезең.<br>«Ойыншықтар»аялдамасы.<br>- Балалар бұл аялдамадаойыншықтар қанша екен? (көп)<br>Біріншісөреденешеойыншықотыр? (біреу)Екіншісөреденешедопкөріп тұрмыз? (біреу) үшінші сөредеқаншамашинабарекен?(көп)Ү лкен машинақанша?(біреу)Алкішкентай машиналар қанша екен? (көп)<br>Ойын:«Тауып,боя»<br>Шарты:Суреттіңішіненбірзаттан берілгендердітауып, бояу.<br>Графикалық жұмыс.<br>**_Сауаташу**<br>**Міндеті:**Сөзтуралытүсініктерін қалыптастыру.Сөздерді дұрыс айтып, лексикалық мағынасын анықтауға жаттықтыру.<br>**Өткентақырыптықайталау**<br>«Ненің дауысы?» дидактикалық ойыны Мақсаты:есту арқылы дыбыстар ды ажыратуғаүйрету.Маса, жылан, араның дауыстарыныңаудиожазбасын тыңдату,неніңдаусыекенінтапқызу.<br>«Дауысынан таны» Ойын шарты: балалар шеңбер болып тұрады, бастаушысанамақсанауарқылыбір баланы ортаға шығарып, көзін байлайды. Санамақ арқылы келесі баланышығарады,олкөзі байлаулы тұрғанбаланыңатынайтады.Ойын | **Көркемәдебиет**<br>**Міндеті:**Әдебижанрдыңбір түрі ертегі екенін түсіндіру.("Шаруа мен аю")<br><br>Д.ойын: «Ойлан,тап».<br>Балпаң-балпаңбасады,<br>Қыр-жотаданасады<br>Паналайды үңгірді<br>Іздемейді тасаны<br>Ол не?Кіріспеәңгіме<br>«ШаруаменАю»туралы орыс халық ертегісімен танысу.<br>Ойын: «Тез жауап бер».<br>Шарты:Тәрбиешібалаларға доплақтыраотырып,сұрақ қояды.<br>Сұрақжауап<br>-Ертегіқалайаталады?<br>-Ертегідеқандайкейіпкерлер кездесті?<br>-Шаруағане келді?<br>-Аюшаруанықалай қорқытты?<br>-Оларнегекелісті?<br>-Шаруане екті?<br>-Аюғақайжағын берді?<br>-КелесіжылыШаруа неекті?<br>-Аюненібілмеді<br>Ертегініролгебөліпойнату.<br>Рөлге бөліп ойнай алады.<br>**Сауат ашу**Міндеті:«Дыбыс»және«сөз» туралыбастапқытүсініктерін қалыптастыру.Табиғатта түрлі дыбыстардың бар екенін білдіру, олардан адамныңдауысынажыратуға үйрету.<br>**Ойын:«Қимылменайт»**<br>Қуан шаттан алақай,<br>Қуанатын күн келді.<br>Күліпшықтыкүнбүгін, | **Математика негіздері**Міндеті: Балаларды кеңістіктік қарым-қатынастарды орнатуға үйрету. Заттың кеңістікте (солға,оңға,жоғарыға,төменге) және қағаз парағының бетінде орналасуын анықтау.<br>Ойын:«Ойлан,тап».<br>Шарты:Жұмбақтыңшешуін тап.<br>Ойын:«Солға,оңға,жоғарыға, төменге».<br>Үлестірмеліқағазбенжұмыс.<br>Графикалық жұмыс.<br><br>**Денетәрбиесі**<br>**Міндеті:**Тізеніжоғарыкөтеріп жүруге үйрету<br>ҰІӘбарысы:<br>1. Кіріспебөлім<br>2. Жалпыдамытужаттығулары.<br>3. Негізгіқимыл-қозғалыс жаттығулары.<br>4Қимыл–қозғалысойындары.<br>5.Қорытындыбөлім.<br><br>***<u>«Ұлттық ойын - ұлтқазынасы»:«Қызқуу».</u>***<br><br>**Музыка Міндеті:**Балаларды шығармалардыңэмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерінажыратабілуге үйрету. *Музыкалық-ырғақтық қимылдар:* Әуенді қимыл-қозғалыс.<br><br>**Қазақ тілі**<br>**Міндеті:**Қазақ халқы қолөнер шеберлерімен жасалған киіз үйдің заттарын және тұрмыстықзаттардыбілдіретін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Өзіорындық,әріүстел<br>Оқушылар бесігі<br>(парта)<br>Қалың киімді ұнатады<br>Шешіндірсеңжылатады<br>(пияз)<br>Қорықпайдыкүштіаңнан,<br>Қорқадытектышқаннан<br>(піл)<br>Сергітусәті.<br>Ойын: «Тез жаттап ал»<br>Шарты:Мнемокестеарқылы тақпақтарды жаттау.<br>"П"<br>Бала отыр партада<br>Оқы, үйрен шаршама<br>"П"дыбысыдауыссыз<br>Мәлімболдыбаршаңа<br>"Б"<br>Бостан босқа ойнама<br>Бидай толтыр қоймаңа<br>Бақа, балық, ботақанТағы<br>сөз тап ойлана<br>Ойын:«Жоғалғандыбыс.<br>Шарты:...арта, ...аға,шө...<br><br>***<u>«Ұлттықойын-ұлтқазынасы»:«Қызқуу».</u>***<br><br>**Шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу**<br>**Мақсаты:**Балалардыңауызшасипаттау, шығармашылықпен жұмыс жасау, өз бетімен жұмыс түрін таңдау және әртүрлі көркем еңбек дағдыларын қолдану қабілеттерін дамыту.<br>**Міндеті:**Құрастыру:Ауызша сипаттау бойыншаұсынылғанкөкөністбейнесін ойдан құрастыруға үйрету (мысалы, «сиқырлыкөкөніс»).<br>Сурет салу:Көкөністерді өзіне тән ерекшеліктеріменбейнелеу(пішіні,түсі, дәмі, т.б.).<br>Мүсіндеу:Сазбалшық,ермексазнемесе пластикалықмассаменкөкөністерді мүсіндеужәне осыматериалдардың | осылай жалғаса береді. Педагог саусақ бұлшық еттеріне арналған жаттығу жасатады. Сыңғыр, сыңғыр сырғалар Құлағымда сыңғырлар. Оң қолымда білезік, Сол қолымда білезік,Санапкөрші,көнеки,1,2,3– бір, екі, үш, Демаламыз жинап күш.Сергіту сәті:*Дидактикалық ойын: «Не қалай дауыстайды?»*<br>Ойын шарты: Педагог үй жануарларының суретін көрсетіп, не істейтінін айтады. Балалар сол жануардың дауысын салады. Қой маңырайды:*(мәәә)*Сиыр мөңірейді:*(мууу)*Жылқы кісінейді:*(йоо)* Түйе боздайды:*(баа)*Ешкі бақырады:*(мәққ)* Графикалық жұмыс.<br><br>***<u>«Ұлттықойын-ұлтқазынасы»: «Қызқуу».</u>***<br>**Қазақ тілі**<br>**Міндеттері:**Қазақ халқы қолөнер шеберлерімен жасалған киіз үйдің заттарынжәнетұрмыстықзаттарды білдіретін (кереге, уық) сөздерімен толықтыру.Тақпақты жатқа айтуға үйрету. Дидактикалық ойын: «Тыңда, көрсет, қайтала».<br>Мақсаты:Балалардың есте сақтау қабілеттерін жетілдіру, тілдерін дамыту,қимасуреттерменжұмыс.<br>Ойын:«Ойлан тап».<br>Шарты:жұмбақтыңшешуінтабады.<br>Қазша қанатын жаяды,<br>Үйрекше мойнын созады,<br>Құсша қонады.(киіз үй)<br>Ойын:«Суреттер сөйлейді».<br>Шарты:Суретпен жұмыс.<br>Қазақтардың неғұрлым көп тараған үйі-бұл киіз үй,бұл үй көшпелі қазақ халқының көшпенді өмірсалтындағыталаптарынажауапбе ріп отырған. Киіз үй –жаз және қыс | Қайырлыкүн,қайырлыкүн, достарым!<br>\Өлеңдіқимылыменайтып, қайталайды.\<br>Д.Ойын:«Сиқырлы суреттер».<br>Шарты:Суретбойынша жұмыс.<br>Ойын: «Сөз».<br>Шарты:үлестірмелі материалменжұмыс.<br>Графикалық жұмыс.<br>Рефлексивтібағалау.<br><br>***<u>«Ұлттық ойын - ұлтқазынасы»:«Қызқуу».</u>***<br><br>**Қоршағанәлеммен таныстыру:**<br>Міндеті:Өзініңболашағына, біліміне, денсаулығына, қызметіне, жетістіктеріне сенімді болуға, қоғамға пайдасын тигізуге баулу.<br>Шаттық шеңбері – «Мен кіммін?» *(5 минут)*<br>**Мақсаты:** Өзін тану, болашақтуралыойқозғау<br>**Сюжетті рөлдік ойын:** «Қоғамға пайдалы маман».<br>**Мақсаты:** Мамандықтар арқылықоғамғапайдаәкелуді түсіндіру<br><br>**Шығармашылықжұмыс: «Менболашақта...»сурет салу**<br>**Тапсырма:** Балалар өз болашағынбейнелейді–кім болғысы келеді, не істегісі келеді, кімге көмектеседі.<br>**Графикалық жұмыс.**<br>**Рефлексивтікбағалау–өз** | (шаңырақ,ағашкерует) сөздеріментолықтыру.<br>Тақпақты жаттату.<br><br>Дид.ойын:«Киізүй».<br>Ойыншарты:Киізүйбөліктерін атайды.<br>Шаңырақ – киіз үйдің уықтарын біріктіріп, еңсесін көтеріп, тұтастырып ұстап тұратын дөңгелек шеңбер.<br>Ағаш төсек – жату үшін пайдаланатынүйжиһаздары.<br>Д.ойын: «Жаттап ал».<br>Шарты:тақпақтыжаттайды.<br>Киіз үйге кіргенде,<br>Бәрі басын иеді.<br>Оныңсырыбілгенге,<br>Шаңырақ қой киелі.<br>Д.ойын:«Шаңырақ».<br>Шарты:Шаңырақтыңсуретін салу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | айырмашылығынтүсіну.<br>Жапсыру:Қайшыныңқолданудыбекіту: пішіндерді қиып, жапсыру арқылы көкөністер бейнесін жасау.<br>Ұйымдастыру.<br>Ойын:«Артығынтап».<br>Шарты:Берілген суреттің ішінен артығынтабу.Негізгібөлім:Балаларөз бетімен іс-әрекет түрін таңдайды. Балаларға бірнеше әрекет түрі ұсынылады.Әрбалаөзінеұнағанбағыт бойынша жұмыс істейді.<br>Жасалужолдарынкөрсету.<br>Өз бетімен жұмыс.<br>Ойын:«Көрмені тамашалайық».<br>Шарты:Көрме ұйымдастыру.<br><br>**Денетәрбиесі**<br>Міндеті:Саптабір-бірден,екеуден, үшеуден жүруге үйрету.<br>1.Кіріспе бөлім<br>2.Жалпы дамытужаттығулары.<br>3.Негізгікимыл-қозғалысжаттығулары.<br>4Қимыл –қозғалыс ойындары. (Ұлттық ойын- «Аударыспақ»)<br>5.Қорытындыбөлім. | уақыттарындағы ең қолайлы үй болған ,мысалы қыста жылы жазда-салқын болып тұрған.Киіз үй өзінің сыртқы көрнісі мен көлеміне қарай әртүрлі(үлкен,кішкене,аппақсалтанатты,қоңыр үй және т.б). Киіз үй бір неше бөліктен құралады олар: шаңырақ, керкге,уық,осылардың үстіненжабылатын киіздер,үзік,бақан,түндік,белдеу.Киіз үйлерді шебер адамдар ұлттық ою-өрнекпен безендірген. Кереге – киіз үйдің ағаштан жасалған жиналмалы торкөзді сүйегі.Уық – кереге мен шаңырақтың арасын ұстап, қосып тұратын сырық.<br>Ойын:«Кім тез жаттап алады?»<br>Шарты:тақпақтыжаттау.Ыңғайлы жоқ өзіңдей,<br>Тез жиналар ,қаласаң.<br>Торжолдәптеркөзіндей-<br>Керілгенде қарасаң.<br>Ойын:«Боямақ».Шарты:Суреттегі киіздің ішінен кереге мен уық бөліктерін тауып бояу.<br>Ұлттықойын-ұлтқазынасы:«Тақия жасыру».<br>**Денетәрбиесі**<br>**Міндеті:**Аяқтың ұшымен, аяқтың ішкіжәнесыртқықырыменжүруге үйрету..<br>ҰІӘбарысы:<br>1. Кіріспебөлім<br>2. Жалпыдамытужаттығулары.<br>3. Негізгікимыл-қозғалыс жаттығулары.<br>4Қимыл–қозғалысойындары.<br>5.Қорытындыбөлім. | **жұмысындыбағалап қорыту.**<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Міндеті:**Анатіліндегі дауыстыжәнеайтылуыжәне дыбысталуыұқсасдауыссыз г-ғдыбыстардыдұрыс,анық айтуды үйрету.<br><br>«Қателеспей қайтала» ойыны:ға-ға,ғы-гі,ғу-гу,ғо-го.<br>Ойын: «Тез жаттап ал».<br>Шарты:жаңылтпаштыжаттау.<br>Қоғабай қомағай ма?<br>Жоқ,ағай<br>Қоғабайқомағайемес,<br>Зор, ағай<br>Суретбойыншажұмыс.<br>Сергітусәті.<br>Дидактикалықойын:«Бір сөзбен ата».<br>Ойын шарты: педагог қолындағы допты лақтырып көпсөзайтады,доптықағып алған бала сол сөздердің жалпылама , баламасын айтады. | |

<table>
<tr><td>ЕҚБҚ</td><td></td><td>«Қатты-ақырын-сыбырлап»<br>Мақсаты:Баланықатты,сыбырлап, ақырын сөйлеуге үйрету.<br>Ойыншарты:тәрбиешібалағабірсөзді айтады: оны бала қатты дауыспен,ақырын дауыспен және сыбырлап айтуы керек</td><td>«Тез-ақырын»<br><br>Мақсаты:Балаға тақпақтарды,жаңылтпаштардытез жән ақырын айтуға үйрету.<br>Ойын шарты: Тәрбиеші балаға бір сөзді,тақпақтынемесежаңылтпашты айтады. Бала соны тез және ақырын қайталап айтуы керек.</td><td>«Шардыүрле»<br>Мақсаты:Баланысөйлеу барысында дұрыс тыныс алуға үйрету.<br>Ойын шарты: тәрбиеші балағашарбереді.Оныбала дұрыс тыныс алу арқылы үрлеуі керек.</td><td>«Жаңылтпаштар»<br>Мақсаты: баланы жаңылтпаштардыдұрысәрі жылдам айтуға үйрет<br>Ойын шарты:тәрбиеші балаға жаңылтпаштарды айтады. Бала оныдұрысәріжылдамқайталап айтуы керек.</td></tr>
<tr><td>Серуенгедайындық</td><td colspan="5">Балалардыңдербесқимылбелсенділігіүшінжағдайжасау,ойынқұрал-жабдықтадыдұрыспайдаланутуралыәңгімелесу.(сөйлеудідамыту,өзіне-өзіқызметету дағдылары,іріжәнеұсақмоториканы дамыту).</td></tr>
<tr><td>Серуен</td><td></td><td>Картотека№2</td><td>Картотека№3</td><td>Картотека№4</td><td>Картотека№5</td></tr>
<tr><td>Серуенненоралу</td><td colspan="5">Сыныпқа оралукезіндежылдамқатарғатұруды дағдыландыру. Асықпайбір-бірінитермейжүруді үйрету. Сыныпта киетінаяққкиімдерінөзбетіншеауыстырып, киюін қалыптастыру. Күз туралы тақпақ жаттау.<br>Алақай!Алақай!<br>Шаттандыбалақай!<br>Күзтүсті, дәнпісті.<br>Айтамызалғысты.(көркемәрекет,дербесойынәрекеті).</td></tr>
<tr><td>Балалармен жеке жұмыс</td><td colspan="5">Балалардыбақылау02-10қыркүйек</td></tr>
<tr><td>Балалардыңіс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл,бейнелеу, дербес және басқалары)*</td><td></td><td>Жидектердің айырмашылығы. Дәмі, көлемі түсі туралы өздігінен зерттеу жұмыстарынжүргізуінұйымдастыру. (зерттеуіс-әрекеті)<br>Балалардың қалауы бойынша ермексазбен, түрлі түсті қағазбен шығармашылықұжымдықжұмыстар жүргізуге баулу. (Шығармашылық іс-әрекет<br><br>Тамақтыүнемдітұтыну.</td><td><u>Вариативтікбөлім:</u><br><u>«Ойнайық та,ойлайық».</u><br>Ойынның атауы:« Сәлем, менің достарым!».<br>Мақсаты:Бір-бірімен танысу, өз есімін еркін айту.<br>Мазмұны:Балалар бір-бірімен танысып,өз есімдерін еркіна йтуға үйренеді. Амандасу мен қоштасу мәдениетін меңгереді. «Шеңбер бойымен танысу», «Аты кім?» сияқты ойындар арқылы қарым- қатынас дағдылары дамиды.</td><td>Ойын:"Қайсысы артық?"Мақсаты:Энергияменсуды босқа жұмсамау туралы түсінік беру.<br>Құралдар:Суреттер(бірсуретте жарығыжаныптұрғанбосбөлме, екіншісінде–сөніптұрған;біреуі кран ашық, біреуі жабық т.б.)<br>(Коммуникативтікіс-әрекет)<br>Энергияны үнемді тұтыну.</td><td>Ойынның атауы: «Суда не болады?»<br>Мақсаты:Балалардыңсудыңқасиеттері туралытүсінігінқалыптастыру,бақылау және болжау дағдыларын дамыту.<br>Шарты:Тәрбиешісуғаәртүрлізаттарды (тас,ағаштаяқша,пластмассаойыншық, қағаз, алма) салады. Балалар алдын ала болжайды: қай зат батады, қайсысы жүзіп тұрады. Содан кейін тәжірибе арқылы нәтижесін тексереді.<br>(Эксперименталдықіс-әрекет)<br>«Судыүнемдеу»тақырыбындабоямақ бояу.(Шығармашылықіс-әрекет)<br>Суды үнемді тұтыну</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| Балалардыңүйге қайтуы | | **Ата-аналарғатапсырма:«Өнегелі15 минут» Балаңызбенбірге«Менің міндеттерім»тақтасынқұрыңыз.** – Апталық немесе күнделікті тапсырмаларды жазып, сәтті орындаған жағдайда балаға мадақ айтып отырыңыз. | **Ата-аналарға тапсырма:«Өнегелі 15 минут» Отбасылық күн тәртібіне "Тілдік сағат"қосыңыз:** Мысалы,кешкіуақытта 15 минут тық "Тіл бұрышын" ұйымдастырып, бірге:Жаңылтпаш айтуЖұмбақ шешу | **Ата-аналарғатапсырма: «Өнегелі 15 минут»** тақырыбында балаңызбенбіргевидеобаянтүсіріп келу. Мақсаты: ұлттық құндылықтарды дәріптеу мақсатында. | **Ата-аналарғатапсырма:«Өнегелі15 минут»** «Судыүнемдітұтыну»тақырыбында балағызбен бірге әңгімелесу. |

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Топ/ сынып - мектепалды 0 «А» сыныбы Балалардың жасы- 5 жас**

**Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету) – 08-12 қыркүйек 2025 ж. Құндылықтар: Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы**

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды көтерінкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту **(Сөйлеуді дамыту).**<br>**Күй күмбірі: «Кеңес» күйі** -балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру. **«Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| | **Ойын: «Сөйлемді аяқта»**<br>**Мақсаты:** Сөйлеу және қиялды дамыту.<br>**Шарты:** Тәрбиеші сөйлемнің басын айтады, балалар оны аяқтайды.<br>**Мысалдар:**<br>Егер мен құс болсам, мен...<br>Мен сиқыршы болсам, мен...<br>Бір күні орманда... | **Ойын: «Сен кімсің?»**<br>**Мақсаты:** Рөлдік ойнау, сөйлеу және елестету қабілетін дамыту.<br>**Шарты:** Бір бала белгілі бір мамандықтың немесе жануардың рөлін ойнайды (мысалы: дәрігер, жүргізуші, мысық), ал қалғандары сұрақ қойып, оның кім екенін табуға тырысады.<br>**Мысалы сұрақтар:**<br>Сен не істейсің?<br>Қайда тұрасың?<br>Саған не керек? | **Ойын: «Тыңда да, қайтала»**<br>**Мақсаты:** Есте сақтау және зейінді дамыту.<br>**Шарты:** Мұғалім бірнеше сөзді (немесе сөйлемді) бір рет оқиды, балалар соларды ретімен естеріне түсіріп қайталайды.<br>**Мысалы:** алма, кітап, доп, сағат. | **Ойын: «Нені өзгерткенімді тап!»**<br>**Мақсаты:** Зейінділік пен байқағыштықты дамыту.<br>**Шарты:** Мұғалім бөлмедегі бір нәрсені (орнын, түрін, киімді) өзгертіп қояды. Балалар көздерін ашқан соң, не өзгергенін табуы керек. | **Ойын: «Артығын тап».**<br>**Мақсаты:**<br>Балалардың ойлау, салыстыру және топтастыру қабілетін дамыту.<br>**Шарты:**<br>Төрт сурет немесе сөз айтылады. Балалар соның ішінен басқа үшіне ұқсамайтын, артығын табуы керек және неге екенін айтуға тырысады. |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | **Апта дәйексөзі«Шебердің қолы алтын.» «Адал азамат» «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы** | **Тақырып: «Баланың қиялы — шығармашылықтың бастауы»**<br>**Әңгімелесу мақсаты:**<br>Ата-аналарды баланың шығармашылық қабілетін қолдауға баулу. | **Тақырып: «Баланы ұсақ істерге үйрету — үлкен өмірге дайындау»**<br>**Кеңес беру.** | **Тақырып: «Баланың мінез-құлқы – ата-ананың айнасы»**<br>**Әңгімелесу мақсаты:**<br>Бала тәрбиесіндегі ата-ананың үлгісі туралы түсінік қалыптастыру. | **Тақырып: «Баланы тыңдай білу — оны түсінудің жолы»**<br>**Кеңес беру.** |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті,** | **Қазақстан Республикасының Әнұранын орындауы «Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасы** | **«Қауіпсіздік ережелері»**<br>«Мектепке баратын жол» тақырыбында әңгімелеу. Ереже құрастыру.<br>**(қимылдық, зерттеу іс-әрекеті) «Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасы** | **Ойын: «Дұрыс па, бұрыс па?»**<br>**Мақсаты:** Құқықтық түсінік қалыптастыру.<br>**Шарты:** Тәрбиеші жағдаятты айтады, балалар «Дұрыс» не «Бұрыс» деп жауап береді. (кітаптарды | **Ойын: «Ақша қайда?»**<br>**Мақсаты:** Қаржылық зейінділік пен байқағыш тықты дамыту.<br>**Шарты:** Үстелге түрлі монеталар қойылады. Балалар қарап шығады. Көздерін жұмғанда педагог бір ақшаны алып тастайды немесе ауыстырады. | Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау)және «Табиғат» тақырыбында боямақ бояу.<br>**(еңбек және бейнелеу іс-әрекеті) Экологиялық** |

| Таңертеңгілікжаттығу | Картотека№7-11 | Картотека№8 | Картотека№9 | Картотека№ 10 | Картотека№ 11 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық(бұданәрі – ҰІӘ)** | ҰІӘтақырыбынасай | ҰІӘтақырыбынасай | ҰІӘтақырыбынасай | ҰІӘтақырыбынасай | ҰІӘтақырыбынасай |
| **КестегесәйкесҰІӘ** | **Математиканегіздері**<br>**Міндеті:**Балаларды кеңістіктік қарым-қатынастарды орнатуға үйрету.Заттыңкеңістікте(солға, оңға, жоғарыға, төменге) және қағаз парағының бетінде орналасуын анықтау.<br><br>«Қайда барасың, нені табасың?» атты дидактикалық ойынды ұсынады. Ойын мақсаты: ойын балаларды негізгі кеңістіктік бағыттарды (алға, артқа, оң жақ, сол жақ) анықтау және сөзбен айтуға, заттың кеңістікте орналасуын белгілеу үшін әртүрлі кеңістіктік терминдерді (іші, үсті, арты, асты және т.б.) пайдалануға жаттықтыру үшін жүргізеді.Ойынбарысы.Педагог ойыншықтарды бөлменің әр жеріне тығып қояды. Мысалы: ойын барысы бойыншакөзделген орналасу орнының оң жағында аюды, сол жағында шкафтың артына қуыршақты, кілемнің алдына допты, артына мәшинені. Ойынды бастаудан бұрын педагог балаларғабөлмеде тығылған ойыншықтарды табатындарын хабарлайды. Балалардың бірін шақырып алып, педагог оған былай дейді: Оң жаққа барсаң, аюды табасың, Сол жаққабарсаң, қуыршақты табасың.<br>Алға қарай жүрсең, допты табасың,Артқақарайжүрсең, | **Қоршаған әлеммен таныстыру:**Міндеті:Өзінің болашағына, біліміне, денсаулығына, қызметіне, жетістіктеріне сенімді болуға, қоғамға пайдасын тигізуге баулу.<br><br>Педагог:«Сенболашақта қандай маман болғың келеді?» деп сұрайды.<br>–Балалар армандарын айтады.**Негізгібөлім:**<br>– Білімніңмаңызын түсіндіру: «Оқу – болашаққа жол»<br>– Денсаулықты сақтау туралы қысқаша әңгіме: дұрыстамақтану,тазааудада ойнау<br>– Қоғамға пайда тигізу дегенімізне?Мысалдар келтіру(мектепте, үйде көмек көрсету)<br>**Ойын:«Менің мамандығым»**<br>– Балаларөзармандарын рөлге еніп көрсетеді: дәрігер, ұстаз, өрт сөндіруші және т.б.<br>**Қорытынды:**<br>– Әр бала өз болашағы туралыбірсөйлемайтады.<br>Графикалық жұмыс.<br>**«Кеңес»күйін қосу.**<br><br>**Сөйлеудідамыту:**<br>Міндеті:Суреткеқарап | **Математика негіздері**<br>**Міндеті:**заттаржиынынан дара затты ажырата бөлу білігін қалыптастыру.<br>Педагогәртүрлі заттар суретін(мысалы,4алма,1 алмұрт) көрсетеді.<br>– Сұрақ:«Басқалардан бөлек тұрған қай зат? Неге?»<br>Балаларға бірнеше топ суретіберіледі(мысалы,3 машина, 1 қуыршақ).<br>– Тапсырма:«Артықзатты тап және түсіндір».<br>**Сергіту сәті.** 3 рет секіреміз, 4 рет қол соғамыз,әрбіраяқпен3рет еденді топылдатамыз.<br>Көршімізбен бір-біріміздің алақандарымыздысоғамыз.<br>**Графикалық жұмыс.**<br>**Сауаташу**<br>**Міндеті:**Балалардысөздерді дұрысайтуғажәне сөздердің лексикалық мағынасын түсіне білуге үйрету.<br><br>Д.ойын:«Ойлап тап».<br>Шарты:Жұмбақтыңшешуін табады.<br>Ағайындыбәрі,Шықса–жасыл, Түссе – сары.(Жапырақ)<br>Жиып-теріпболатын,<br>Қамбаға астық толатын.<br>Қызылқырманойнайтын, | **Көркемәдебиет**<br>**Міндеті:** Балаларды өлеңнің эмоционалды-сезімдік жағына назараударып,оныңмазмұнын түсініп, жатқа айтуға үйрету.<br><br>Ойын:«Суреттерсөйлейді.»<br>Шарты:Суреткүзкөрінісін сиппаулары керек.<br>Ойын:«Қатты,ақырын, сыбырлап».<br>Тоңазыпатырап,<br>Көк жеміс піседі.<br>Сарғайыпжапырақ,<br>Саудырап түседі.<br>«Көз-жомарт»деймізбіз,<br>Жемісін жейміз біз.<br>«Өлеңдеқандайкөңіл-күйбар?»<br>«Қандайдыбыстардысездіңдер?»<br>***Д/ойын:*«Табиғатмейірімді».**<br>Ойынныңшарты:Балаларғаәр түрлі сөйлемді бастап беру керек.Балалар сөйлемді жалғастырады.<br>Жер-ана жомарт, өйткені ол...(жемістерменкөкөністер береді).<br>Күн мейірімді, өйткені ол...(Жылуынменжарығынбереді)<br>Д.ойын:«Көкөністерді тап».<br>Шарты:Суретте берілген көкөністер мен жемістердің ішінен көкөністердің суретін тауыпсызықпенсебеткежинау керек.<br>**Сауаташу**<br>Міндеті:Сөздердідұрысайтып, лексикалықмағынасын | **Математика негіздері**<br>Міндеті: «Бір» ұғымының бір ғана затты да, тұтас топты да білдіретінінтүсіндіру.«Біреу», «көп»(«бірнеше»),«бірдей», «түрлітүсті»ұғымдарын енгізу.<br>**Кіріспе:**<br>– Мұғалімбіралмакөрсетеді:<br>– «Бұл–біралма»<br>– Кейінбірнешеалма көрсетеді:<br>– «Бұл–көп алма»<br>– Салыстыру:біреу–көп<br>**Негізгібөлім:**<br>– «Бірдей»және«түрлітүсті» ұғымыненгізу:<br>– Бірдейтүсті шарлар<br>– Түрлітүстішарлар<br>– Балалардан:«Бұларбірдей ме, әлде түрлі ме?» – деп сұрау<br>**Ойын:«Біреу –көп»**<br>– Мұғалімсуреттеркөрсетеді (1гүл–көпгүл,1кітап–көп кітап)<br>– Балалар«Біреу!»не«Көп!» деп жауап береді<br>– Немесезаттардытүстеріне қарап «бірдей»/«түрлі» деп бөледі<br><br>«Алаңдамай жалғастыр» дидактикалықойыныПедагог ойын шартын түсіндіреді:<br>Мен сөйлемді бастаймын, ал сендер аяқтаңдар, егер «бір» деп айту керек болса, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мәшиненітабасың.Қайдабарғың келеді?Балаойыншықтытабады. Ойын 3-4 рет қайталанады.Бала бағытты ауызша атайды және жасырылғанойыншықтыіздейді. «Фигура қайда жасырынды?» дидактикалық ойыны Педагог елестетілген шаршының бұрыштары мен қабырғалары және оның ортасында еденге ойыншықтарды жайып қояды. Жетекші бала кез келген ойыншықты шаршыдан алып, басқа балалардан қай заттың артында,алдыңғыжағында,оң жағында және т.б. орналасқандығынатауға шақырады. Балалар фигураны атамай, оның орналасуын сипаттайды.<br><br>***«Ұлттық ойын - ұлтқазынасы»:«Бестас».***<br><br>**Көркемәдебиет**<br>**Міндеті:**Сөйлемдердегісөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру.<br>Біз сөйлемде сөздерді бірге қолданамыз.Мысалы,заттың аты (не?) және оның саны (қанша?) бірге болады. Сондай-ақ,заттыңқандайекенін білдіретін сөздерді де бірге қолданамыз.<br>**Мысалдар:**<br>**«Үшалма»**–«Үш»–қанша алма екенін айтады.<br>**«Қызылалма»**–«Қызыл»–алманың түсін көрсетеді.<br>**«Үшқызылалма»**–заттыңаты, саны және түсі бірге келеді.<br>**Жаттығу(5мин):** | әңгімеқұраудыүйрету, баланың, сөздік қорын байыту.<br><br>ҮнтаспаданБ.Самединеван ыңорындауында«Достар,до стар»әнітыңдатылады.<br>–Балалар,әндекімдер жайлыайтылған? Балалар,сендердостаржайл ыәнтыңдадыңдар.«Дос»деге нсөздіңмағынасынқалайтүсі несіндер?<br><br>Ойын:«Бірсөзбената»<br>Шарты:Педагогқолындағы допты лақтырып көп сөз айтады,допты қағып алған бала сол сөздердің жалпылама, баламасын айтады.<br>КЕсе,шәйнек,шаңышқы Қасық-...<br>Аю,қасқыр, жолбарыс-...<br>Қызыл,сары,жасыл,көк-...<br>Ойын:«Қатты, ақырын, сыбырлап».<br>Мақсаты:Балаларға қатты,сыбырлап,ақырын сөйлеуге үйрету.<br>Досы көпті жау алмайды.<br>Ақылыкөптідауалмайды.<br>Ойын: «Жоғалған дыбыс.<br>Шарты: ...арта, ...аға,шө...<br>**Қорытынды.**<br><br><br>**Шығармашылық іс-әрекет**<br>**Мақсаты:**Балаларды жемістер тақырыбында шығармашылықпенжұмыс істеуге баулу, бейнелеу, құрастыру, мүсіндеу және | Қаймезгілдепойлайсың?(Күз)<br>«Сөз жарысы» дидактикалықжаттығуы.<br>– Жақсы,балалар,енді«Сөз жарысын»ұйымдастырайық. Мен бір тақырыптыайтамын,сендер сол тақырыпқа байланысты ғана сөздерге мысал келтіресіңдер.Мысалы: ыдыс, жануарлар, түстерт.б. Кім көп сөз айтса, сол жеңімпаз болады (сөзайтқан балаға түрлі түсті қаламнан беріліп отырады). **Ойын : “Не үшін керек?”**<br>– Мұғалімсөзайтады,бала оның не үшін керек екенін айтады.<br>– **Кітап**–оқуүшін<br>– **Қалам**–жазуүшін<br>– **Кесе** –суішуүшін<br>**Графикалық жұмыс.**<br><br>***«Ұлттық ойын - ұлтқазынасы»:«Бестас».***<br><br>**Қазақ тілі**<br>Міндеті:Қазақ халқы қолөнершеберлерімен жасалған киіз үйдің заттарын және тұрмыстық заттарды білдіретін (кебеже, сандық) сөздерімен толықтыру.Тақпақтыжатқа айтуға үйрету.<br>**Қызығушылықтыояту:**<br>Педагог киіз үй суретін көрсетеді.<br>-«Бұлне?Ішіндеқандай заттар бар деп ойлайсыңдар?»<br>**Жаңасөздермен** | анықтауға жаттықтыру. Сөздердің ұзынды-қысқалығын қолменөлшеп,ажыратуарқылы зейіндері мен есте сақтау қабілеттерін дамыту<br><br>**Кіріспе:Педагог**бірнешесөз айтады:<br>*Ат, доп, кітапхана, балмұздақ*Балаларсөздерді қайталайды. «Қайсөз қысқа? Қай сөз ұзын?»<br>– Балаларсөздіайтып,**қолын шеңбер жасап** көрсетеді:<br>– Қысқасөз–екіқолынжақын ұстайды.<br>– Ұзынсөз–екіқолыналшақ ұстайды.<br>**Ойын:**<br>Педагогсөздертізбегінайтады. Балалар сөздің ұзындығына қарай қимылмен жауап береді.<br>– Мысалы:<br>*Үй*(қысқа–қол жақын)<br>*Сыныптасым*(ұзын–қолашық)<br>– Сонымен қатар, сөздің **мағынасытуралы**сұрақ қойылады:<br>– «Сыныптасымдегенкім?»<br>– «Балмұздақнеүшінкерек?»<br>**Графикалық жұмыс.**<br><br>***«Ұлттық ойын - ұлтқазынасы»:«Бестас».***<br><br>**Қоршағанәлемментаныстыру:**<br>Міндеті:Өзінің болашағына, біліміне, денсаулығына, қызметіне,жетістіктерінесенімді болуға, қоғамға пайдасын тигізуге баулу.<br>**Ойын: «Кім не істейді?»**<br>**Шарты:** Мұғалім мамандық атауынатайды(дәрігер,мұғалім, құрылысшы,т.б.).Балаларсол | алақандысоғыңдар,«бір»деп айтыңдар. Егер «көп» деп айту керек болса, орындарыңнан тұрып «көп» деп айтыңдар. – Аспанда жұлдыздар...(Көп.)–Аспанда ай ... (Біреу.) – Адамда ана ... (Біреу.) – Мұхитта балық ... (Көп.) – Егістікте бидай ... (Көп.) – Аспанда күн … (Біреу.)Топтағыпрактикалық жұмыс Одан кейін қарындаштармен (таяқшалармен, текшелермен және басқа да заттармен) практикалықжұмыс.<br>**Үлестірмеліқағазбен жұмыс.**<br>**Графикалық жұмыс.**<br><br>**Денетәрбиесі**<br>Міндеті:Қатармен бір-бірден, екеудентізеніжоғарыкөтеріп жүгіруүйрету.<br>ҰІӘбарысы:<br>1.Кіріспебөлім<br>2.Жалпыдамыту жаттығулары.<br>3.Негізгікимыл-қозғалыс жаттығулары.<br>4Қимыл–қозғалысойындары.<br>5.Қорытындыбөлім.<br><br>***«Ұлттық ойын - ұлтқазынасы»:«Бестас».***<br><br><br>**Музыка:**<br>Міндеті:Музыканыңкөңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерінажырата білуге үйрету<br>Ұйымдастыру.<br>Негізгібөлім. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | – Мұғалімүстелдеүшдоп,екі кітапкөрсетеді.<br>– Балалар«үшдоп»,«екікітап» деп бірге айтады.<br>– Кейін«үлкендомбыра»,«кіші бала» сияқты сөздерді біріктіреді.<br>– Бірнешесөйлемқұрастырады.<br>«Кішкентайбағбан»әңгімесімен таныстыру.<br>Әңгімеде қандай заттар, қанша жәнеқандайекенін(сипаттарын) атауды сұрайды. Мысалы: «Кішкентай бағбан қандай гүлдердіөсірді?Оларқаншаеді? Қалайкөрінді?»<br>**Талқылау(3мин):**<br>– Балаларғасұрақтарқою:<br>– «Бақшағақалайкүтімжасау керек?»<br>– «Кішкентайбағбанқандай жақсы істі жасады?»<br>– «Сенөсімдіктергеқалай қарайсың?»<br><br>**Сауат ашу**Міндеті:«Дыбыс»және«сөз» туралыбастапқытүсініктерін қалыптастыру.<br>**Қызығушылықтыояту:**<br>*«Ненің дыбысы?» ойын-жаттығуы*<br>*Шарты:Педагогбалаларға көздерінжұмып,естіліптұрған дыбыстарды тыңдауларын сұрайды.Педагогдоптыеденге ұрып ойнайды, есікті ашып-жабады, қоңырауды сылдырлатады, қағазды сыбдырлатады.*<br>Балаларненіңдыбыстарын естігендерінайтады.<br>Педагогтаныссөздіайтады | жапсыруарқылыөзойын көркем түрде жеткізуге үйрету.**Міндеті:**<br>**Құрастыру**:Балаларды топпен бірлесіп жұмыс істеуге, жемістердің бейнесін немесе композициясын (жеміс себеті, бақ, көрме) шығармашылықпен құрастыруға үйрету.<br>**Сурет салу**: Жемістердің пішіні, түсі және құрылымдықерекшеліктерін ескере отырып, оларды қағаз бетінде дұрыс бейнелеуге дағдыландыру.<br>**Мүсіндеу**: Шынайы немесе қиялдан алынған жемістердің пішіні мен өлшеміне қарай мүсіндеуарқылысаусақпен қол қимылдарын жетілдіру, көлемді қабылдау қабілетін дамыту. **Жапсыру**: Қайшыны қауіпсіз және дұрыс қолдана отырып, геометриялық пішіндерден жемістер бейнесін құрастыруарқылы кеңістіктік ойлау мен қол үйлесімділігін дамыту.<br>**Қызығушылықтыояту:**<br>Ойын: «Не жоқ?»Негізгібөлім:Бала ларөз бетімен іс-әрекет түрін таңдайды.<br>Балаларға бірнеше әрекет түрі ұсынылады.Әрбалаөзіне ұнаған бағыт бойынша жұмысістейді.<br>Жасалужолдарынкөрсету.<br>Өз бетімен жұмыс.<br>Ойын:«Көрмені тамашалайық». | **таныстыру**<br>– **Сандық**–затсақтайтын жиһаз<br>– **Кебеже**–тағамсақтайтын сандық<br>– **Текемет**–киізден жасалғанкілем<br>Суреттерінкөрсету,балалар қайталайды.<br>**Тақпақжаттау:**<br>**Мысалтақпақ:**<br>*Киізүйімкеңменің,*<br>*Керегесі керілген.*<br>*Сандық,кебеже–сәнімен,*<br>*Тұрмыста көп көрілген.*<br>**Ойын: «Боямақ».** Шарты: Суреттегізаттардыңішінен кебеже мен сандықты тауып,бояу.<br><br>**Денетәрбиесі**<br>Міндеті:Шашырап,жұппен тізені жоғары көтеріп жүгіруге үйрету.<br>**ҮІӘбарысы:**<br>1. Кіріспебөлім<br>2. Жалпыдамыту жаттығулары.<br>3. Негізгіқимыл-қозғалыс жаттығулары.<br>4Қимыл–қозғалыс ойындары.<br>5.Қорытындыбөлім. | маманнеістейтінін1сөйлеммен айтады.<br>Мысалы:<br>– Мұғалім–балаларғаәріп үйретеді.<br>– Дәрігер – адамдарды емдейді.<br>**Ойын:«Пайдалы–пайдасыз»**<br>**Шарты:** Мұғалім әртүрлі әрекеттердіайтады.Балаларқол көтеріп **«Пайдалы»** не **«Пайдасыз»**депжауапбереді.<br>Мысалы:<br>– Сабақоқу–пайдалы<br>– Қоқыстыжергетастау–пайдасыз<br>**Доппен сұрақ-жауап**<br>Мұғалімдоптыбірбалаға лақтырып сұрақ қояды:<br>– «Денсаулықтысақтауүшінне істеукерек?»<br>– «Білімдіболуүшіннеістеу керек?»<br>Балажауапберіп,допты қайтарады.<br>**Қорытынды.**– «Мен қоғамға қандайпайдакелтіреаламын?» тақырыбында қысқа әңгіме.<br>– Балаларөзойларын1 сөйлеммен айтады.<br><br>**Сөйлеудідамыту**<br>Міндеті: «Д»–«Т» дыбыстарын дұрысайтудыүйрету,дыбыстық артикуляцияны дамыту.<br>Д.ойын:<br>«Ойлан,тап»Шарты:Жұмбақ тың шешуін табады.<br>«Қалтамда жатыр, тісі бар,<br>Тістемей-ақ істер ісі бар.<br>Тарақ<br>Ішін желмен толтырдым,<br>Қуалап жүріпболдырдым.<br>Доп<br>Педагогосыдыбыстардыайнағақа | 1. Жұмбақжасыру.<br>2.Әнтыңдау.<br>Тыңдау:«Аққөгершін».<br>(Қ.алұатаев, Е.Баят)<br>Сергітусәті<br>3.Әнайту<br>«Бізбақыттыбаламыз»<br>(Ә.Қонысбеков<br>4Әуендіқимыл-қозғалыс<br>**Қазақ тілі**<br>**Міндеті:**Қазақхалқыолөнер шеберлеріменжасалған тұрмыстықзаттарды білдіретін (кілем) сөздерімен толықтыру. Тыныс алуды және таза дикцияны дамыту.<br><br>Дидактикалықойын«Киізүй» ойнатылады.<br>Көтеріліпшаңырақ(қолдарын жоғары көтереді)<br>Уықтары шаншылып (қолдарынжоғарыкөтереді)<br>Керегелер керіліп (алақандарын ашады )<br>Өрім дей болып өрілер (қолдарын белге қояды)<br>Бәрімізбіргежүрсекайналып, киіз үй болып көрінер.<br>Дид.ойын:«Киізүй бөлңктері».<br>Ойыншарты:Киізүй бөліктерінатайды.<br><u>Кілемтүсіндіру.</u>«Киізкілем–қазақтың қолыменжасалатын ерекше кілем. Ол қойдың жүнінен жасалады. Алдымен жүнді жақсылап жуып,майдан тазартады. Содан кейін жүнді қолмен, су мен сабынмен уқалап, домалап, киіз жасайды. Киізтоқукөп еңбекті талап етеді. Киіз дайын болған соң, оны кілемгеайналдырады.Киіз |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (мысалы,**"доп"**),сосынсұрақ қояды:<br>– Бұлне?<br>– Бұлсөзқандайдыбыстардан тұрады?<br>**Түсіндіру:**<br>– Дыбыс—естиміз,айтамыз.<br>– Сөз—дыбыстарданқұралады.<br>Мысал:<br>**"Ана"**–а-н-а→3дыбыс.<br>**"Күн"**– к-ү-н → 3 дыбыс.<br>**Ойын: «Қанша дыбыс?»**<br>Педагогсөзайтады,балалар қаншадыбыстантұратынын санайды.<br>Мысалы:<br>– **"Ат"**–2дыбыс<br>– **"Бала"**–4дыбыс<br>– **"Үй"**–2дыбыс<br>«Сөз ойла, тез ойла» дидактикалықжаттығуыШарты: педагог балаларды үш топқа бөліп, 1-топқа екі дыбыстан, 2-топқа үш дыбыстан құралған сөздер ойлап айтуға тапсырма береді.<br>**Графикалық жұмыс.**<br><br>**Музыка:**Міндеті:Музыканың көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерінажыратабілуге үйрету.<br>Ұйымдастыру.<br>Негізгі бөлім.<br>1. Жұмбақжасыру.и<br>2.Әнтыңдау.Тыңдау:<br>3.Әнайту<br>4Әуендікимыл-қозғалыс5.Қорытынды. | Шарты:Көрмеұйымдасты-ру.<br><br>**Денетәрбиесі**<br>Міндеті:Екеуден,үшеуден тізені жоғары көтеріп жүгіруге үйрету.<br>ҰІӨбарысы:<br>1.Кіріспебөлім<br>2.Жалпыдамыту жаттығулары.<br>3.Негізгікимыл-қозғалыс жаттығулары.<br>4Қимыл–қозғалыс ойындары.<br>5.Қорытындыбөлім. | | рапайтқызады.(Үшдауыстаайтқы зады).<br>Екі дыбыс та – дауыссыз дыбыстар.Дыбыстардыңдұрысай тылуартикуляциясы.<br>«Д» дыбысын айтқанда тіліміз алдыңғы, астыңғы тістергеқатар тиеді. «Т» дыбысынайтқандатілімізүстіңгіті стіңтүбінетиеді.<br>«Қателеспейқайтала»ойыны:да- та, ды-ті,ду-ту, до-то.<br>Ойын: «Тез жаттап ал».<br>Шарты:жаңылтпаштыжаттау. Топбала,топбала,Ойнапжүр, топтала.Зымырап допты ала,Қуадыкөпбала.<br>*(Е.Өтетілеуұлы)*<br>Суретбойыншажұмыс.<br>Сергітусәті.<br>Дидактикалықойын:«Бірсөзбен ата».<br>Ойыншарты:педагогқолындағы допты лақтырыпкөп сөз айтады, допты қағып алған бала сол сөздердің жалпылама , баламасынайтады. | кілемжылыболадыжәне қазақтар оны үйлерінде қолданады.»<br>Д.ойын:«Суреттерсөйлейді».<br>Шарты:Сурет бойынша жұмыс.<br>Д.ойын: «Кілем».<br>Шарты:Кілемніңсуретінбояу.<br> |
| **ЕҚБҚ** | **«Шынжыр»**<br>**Мақсаты:** сөздік қорын, фонетикалықестуқабілетін | **«Менімен қайтала»**<br>**Шарты:**Балатәрбиеші | Баудағықім?<br>Араболсаң, ызыңда | **«Кім көп сөз біледі?»Мақсаты:**баланыңсөзді ккорын молайту, қолдың ұсақ | Араболсаң, ызыңда<br>З-з-з,ж-ж-ж,з-з-з,ж- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дамыту.<br>**Шарты:** Бұл ойын сөздермен.і. Бірнеше дауыссыз әріптерді алыңыз,қағазғажазыпқойыңыз. Осы үш әріп кездесетін сөздер ойлап табу керек."с", "ш", "р". | айтқансөздердіқайталауы керек.<br>Ар–ар–ар,<br>Жауадықар.<br><br>Ран –ран–ран, Соғады боран. | З-з-з,ж-ж-ж, з-з-з,ж<br>- ж- ж<br>Жұмысісте,тығылма.<br>- Арақалайдыбыстайды?<br>(з - з - з) - қатты\жай | моторикасын дамыту.<br>**Шарты:**Р,Ш,Лдыбыстарына байланысты сөздер айтып, пришепканыбір-біріне қыстыру. | ж- ж<br>Жұмысісте,тығылма.<br>-Арақалайдыбыстайды? (з - з - з) - қатты\жай<br><br>Жыланныңысылы.<br>Жылан қалайдыбыстайды?<br>Ыс-с— ыс -сссс.... |
| **Серуенгедайындық** | Балалардыңдербесқимылбелсенділігіүшінжағдайжасау, ойынқұрал-жабдықтадыдұрыспайдаланутуралыәңгімелесу. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**. | | | | |
| **Серуен** | Картотека№10 | Картотека№12 | Картотека№15 | Картотека№9 | Картотека№11 |
| **Серуеннноралу** | Топқа оралукезіндежылдамқатарғатұруды дағдыландыру. Асықпайбір-бірінитермейжүруді үйрету. Топта киетінаяққиімдерінөзбетіншеауыстырып,киюін қалыптастыру. Күз туралы тақпақ жаттау. Алақай!Алақай!<br>Шаттандыбалақай!<br>Күзтүсті, дәнпісті.<br>Айтамызалғысты.**(көркемәрекет,дербесойынәрекеті).** | | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | 8-9балалардыбақылау. | | **Айлинменжекежұмыс:Ойын: «Тепе-теңдікті сақта». Мақсаты:** Сызықтардың,арқанның,тақтайдың, гимнастикалықскамейканың, бөрененің бойымен тепе-теңдікті сақтап,жүрудіүйрету. | **Мейіргүлменжекежұмыс: Ойын: «Дұрыс жүр.» Мақсаты:**өкшемен,аяқтың сыртқы қырымен, адымдап, жүруді үйрету. | **Адиляменжекежұмыс: «Дыбыстар елі». Мақсаты:** Сөздерге дыбыстықталдаужасай алуды үйрету |
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)** | **Дербес ойын «Себетке жемістерді саламыз». Мақсаты:**Балалардыңойынға деген қызығушылығын арттыру,тағамды үнемдеп, қадірлей білугежәнеысырапжасамауға тәрбиелеу.**Мүсіндеу (Шығармашылықіс-әрекет) Тамақты үнемді тұтыну** | **Ойын атауы:**«Энергияны үнемдейік!»<br>**Мақсаты:**Балаларға энергияны (жарық, су, жылу) үнемдеуманызынтүсіндіру, экологиялық тәрбие беру. **(Эксперименталдықіс-әрекет) Энергияныүнемдітұтыну** | ***Вариативтікбөлім: «Ойнайық та, ойлайық»***<br>**Тақырыбы:**«Мен және менің отбасым.»**Мақсаты:** Отбасы мүшелерін атай білу**.**<br>**Мазмұны:** Балалар өз отбасы мүшелерімен таныстырып, «Менің отбасым»тақырыбында әңгіме құрастырады. «Отбасылықдомино»,«Кім не істейді?» ойындары арқылы сөздік қоры байытылады. | Ойынатауы:**«Суды үнемдейік!»**<br>**Мақсаты:**Балаларға судың маңызынтүсіндіру,оныүнемді пайдалануға тәрбиелеу.<br>**(Эксперименталдықіс-әрекет)**<br>**Судыүнемдітұтыну** | **Еңбек:** Бөлме өсімдіктерінсуаружәне қолмен қопсыту .<br>**Мақсаты:**Балалардың еңбекке қызығушылығынарттыру,өсімдіктерге қамқорлық көрсету арқылы жауапкершілік пен шыдамдылыққа үйрету. **(Еңбек) Экологиялық тәрбие** |
| **Балалардыңүйге қайтуы** | **«Өнегелі15минут» "Арман картасы"**<br>Балаңызбенбіргеоныңарман дарыменмақсаттарынбейне | **«Өнегелі15минут» "Жақсылықжаса!"**<br>Балаңызбенбіргесол күні басқаадамдарға қандай | **«Өнегелі15минут» "Меніңқаһарманым"**<br>Балаңыздан өзіне үлгі тұтатын адамдыатауынсұраңыз(ата-ана, | **«Өнегелі 15 минут» "Суретпен сырласу"**<br>Балаңызғабірпарақкағаз беріп,өзініңкөңіл-күйінсурет | **«Өнегелі15минут» "Өзімдібағалаймын"**<br>Балаңызғаөзбойындағы жақсы қасиеттерді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | лейтін суреттер мен сөздерді журналдан қиып, қағаз бетіне жабыстырып «Арман карта сын» жасаңыз. Армандарға жету үшін қандай әрекеттер жасауқажетекенінбіргеталқы лаңыз.Бұлбаланыңмақсатқоя білуіне және өз болашағын жоспалау қабілетінің дамуына көмектеседі. | көмек көрсеткенін немесе жақсылық жасағанын талқылаңыз. Егер ондай сәттер болмаса, ертең қандай жақсылық жасауға болатынынжоспарлаңыз. Бұл тапсырма баланың мейірімділік пен қамқорлыққабейімболуына ықпалетеді. | мұғалім, батыр, кейіпкер т.б.). Неліктеноныңаһармансанайтынын, қандай қасиеттері ұнайтынын сұраңыз. Бұл арқылы бала өмірлік құндылықтардысаналытүрдетүсіне бастайды. | арқылы бейнелеуді сұраңыз. Сурет салған соң, не бейнелегенін,несебептісолай салғанын бірге талқылаңыз. Бұл баланың ішкі дүниесін түсінугежәнеэмоцияларын дұрыс жеткізе білуіне көмектеседі. | атауды сұраңыз (мысалы:еңбекқорлық, адалдық, көмектесуге дайын болу). Сіз де өз тарапынан оған қандай қасиеттері үшін алғыс білдіретініңіздіайтыңыз. Бұл тапсырма баланың өзін-өзі бағалауын арттырады. |

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Топ/ сынып - мектепалды 0 «А» сыныбы Балалардың жасы- 5 жас**

**Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету) – 15-19 қыркүйек 2025 ж. Құндылықтар: Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы**

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту **(Сөйлеуді дамыту).** **Күй күмбірі: «Балбырауын»**-балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, музыканы эмоционалды қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру. **«Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| | «Аты-жөнім кім?» **Мақсаты:** бала өзін таныстырып үйренеді, ұяндықты жеңеді | «Сәлем досым!» **Мақсаты:** достық қарым-қатынас орнату | «Суретті тап» **Мақсаты:** зейінін, есте сақтауын дамыту | «Түстер әлемі» **Мақсаты:** түстерді ажырату, жылдам ойлау | «Мені тап!» (ата-анамен бірге) **Мақсаты:** бала өзін еркін сезінсін |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | **Апта дәйексөзі«**Үйренген – үлгереді, еріңген – кейін қалады.» Ата-аналар балаларына түсіндіреді. **«Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасы** | **Тақырып: «Еңбекқор бала – табысты болашақтың кепілі»** **Кеңес:**Баланы ерте жастан еңбекке баулыңыз. Үй тапсырмасы мен үй шаруасына жауапкершілікпен қарауға үйретіңіз. Еңбегін бағалап, шынайы мақтауды ұмытпаңыз: *«Қолыңнан бәрі келеді!».* | **Тақырып: «Еңбек — табыстың бастауы»** **Кеңес:**Баланы кішігірім жұмыстарға тартып, еңбек етуге дағдыландырыңыз. Еңбек арқылы жауапкершілік пен табандылық қалыптасады. | **Тақырып: «Жетістік – талпыныстан басталады»** **Кеңес:**Баланы тек нәтиже үшін емес, талпынысы үшін де қолпаштаңыз. «Қолыңнан келеді!» деген бір ауыз сөз үлкен мотивация бола алады. | **Тақырып: «Кәсіп – болашақтың кілті»** **Кеңес:**Баланың қызығушылығын байқап, сол бағытта дамытуға қолдау көрсетіңіз. Мамандық таңдауға ерте бағыт беру — сенімді қадам. |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалары)** | **Қазақстан Республикасының Әнұранын орындауы** Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары **«Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасы** | «SMART BALA» жобасы аясында «Өнертапқыштыққа алғашқы қадам» құрастыру бойынша. балалар іс-әрекеті **«Адал азамат»Біртұтас тәрбие бағдарламасы** | **Ойынның атауы:** «Менің құқығым бар» **Мақсаты:**Балалардың құқықтық сауаттылығын қалыптастыру, өз құқықтары мен міндеттерін ажырата білуге, әділдікке және жауапкершілікке тәрбиелеу. **Құқықтық сауаттылықты қалыптастыру** | «Дүкен», «Банк» ойындары – қаржылық сауаттылық бойынша қарапайым білімдерді дамыту. **Қаржылық сауаттылықты қалыптастыру. «Адал азамат»Біртұтас тәрбие бағдарламасы** | Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау **Экологиялық тәрбие.** |
| **Таңертеңгілік жаттығу** | Картотека № 9 | Картотека № 10 | Картотека № 11 | Картотека № 12 | Картотека № 13 |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҰІӘ)** | ҰІӘ тақырыбына сай | ҰІӘ тақырыбына сай | ҰІӘ тақырыбына сай | ҰІӘ тақырыбына сай | ҰІӘ тақырыбына сай |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **КестегесәйкесҮІӘ** | **Математика негіздері**<br>Міндеттері:заттар тобының(жиынының) жалпы қасиетін табу біліктілігінқалыптастыру, қандай да бір қасиеті бойынша топқа біріктіру.<br>Қызығушылықты ояту<br>-Балалар,күнденеше мұрынментынысаламыз? Адамда неше жүрек бар? Бір жылда неше Жаңа жыл болады? Аспанда неше ай мен күн бар? 1 саны туралы түсінік беру<br>1 саны – **ең кіші сан** Ол**бірзаттыңбарекенін** білдіреді.1санынасәйкес **цифр** – бұл **1.**<br>**Суретбойыншажұмыс.**<br>**Суреттер:**<br>1алма,1кітап,1қалам.<br>Балалар:<br>–Бұлнешеу?→Бір<br>**1цифрыныңжазылу жолын түсіндіру.**<br>Тақтада,ауадакөрсету, дәптерде жаздырту.<br>**Дамытушы тапсырмалар. 1/**Бір-бірденкерсетілген заттардыбелгіле.Суретте каншазатболса,ұяшыққа сонша нүкте сал.<br>**2/**1 цифрын тауып, қоршапсыз.Оны боя.<br>**Графикалықжұмыс.**<br><br><br>**Көркемәдебиет**<br>Міндеттері:«Менің | **Қоршаған әлеммен**т**анысу**<br>Міндеттері:Туыстық байланыстардытүсінугеүйрету.<br>Дид.ойын: «Фотосурет»<br>Ойынның шарты: Тақырып бойынша тәрбиешінің сұрақтарына жауап беру.<br>Үнсіздікойыны.Балалар жайланып<br>отырып, көздерін жұмып, өздерінің отбасы мүшелерін, үйлерінкөзалдарынаелестетеді.<br>Қолсергітусәті:«Кел, санайық»<br>Үйде не шеу екенбіз?<br>Келсанайықекеуміз:<br>Басбармағым–папам,<br>Балаң үйрек – апам,<br>Ортан терек – ағам,<br>Шылдыршүмек–мен,<br>Кішкене бөбек – сен.<br>Бірүйдебізнешеуміз?<br>Бір үйде біз бесеуміз.<br>Дид.ойын:«Ағаш».Ағаштың тамырынан бастап, отбасы мүшелерінің суреттерінжапсыру.(Ата,әже, әке, шеше, аға, әпке, мен,іні,қарындас).<br>Ағашты бояу.<br><br>**Сөйлеуді**д**амыту**<br>Міндеттері: Балалардың сөздік қорынзаттардыңқасиеттерімен сапасын сипаттайтын сын есімдерменбайыту.Анатіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз к-қ дыбыстардыдұрыс,анықайтуды | **Математика негіздері**<br>**Міндеттері:** 2 санының сандық мағынасын түсіндіру, оған сәйкес 2 цифрыментаныстыру,2-ге дейін санау, салыстыру және жазу дағдыларын қалыптастыра отырып, заттарды топтап, салыстырып,есептейбілу қабілеттерін дамыту.<br>**«Жылдамсана»ойыны**<br>Тәрбиеші заттар бейнеленген суретті көрсетеді.<br>Қаншатүсбарекенін сана.<br>Қаншаалмабарекенін сана.<br>Құстардысана.<br>-Аңдардысана.<br>**2цифрыментаныстыру.**<br>«2» көлде шалқиды,<br>Аққуболыпқалқиды.<br>Сұлу мойнын иеді,Өз қадырін біледі.<br>**«Көнілдітапсырмалар» ойыны**<br>Бір күшікке бір күшік,<br>Қосылды да ойнады.<br>Біріккенде екеуі<br>,Қаншаболды,ойланшы.<br>(1+1=2)<br>Бір сәбізі шелекте,<br>Бір сәбізі себетте.<br>Қосаалмайдыекеуін,<br>Көмектесші үйрекке.<br>Жақсыболаредіғой,<br>Қосуды ол үйренсе. | **Көркем әдебиет**<br>Міндеттері:Ертегіні мазмұндауда балалардың кабілеттілігінкалыптастыру. Ауызәдебиетішығармалары негізінде қазақ халқының тұрмыстіршілігіарқылыеңбекке баулу. Д.ойын: «Кім тапқыр?» Шарты: Жұмбақтыңшешуінтабу. «Тонынкииптуған,Жалапбетін жуған». (Мысық) – Балалар, бүгін «Мақтақыз бен мысық» ертегісіментанысамыз.Ертегі–әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Ертегіні оқып, мазмұнын ашу. Сөздік жұмыс: Қатық – сүтті ұйытып дайындалған тағам түрі. Ін – жердің астынан қазып жасалатынбаспана.Сұрақ-жауап:-Ертегіқалайаталады?- Мақтақыз не тауып алды? - Мысық не істеді? - Мақтақыз мысықты қалай жазалады? - Мысық қатық іздеп нелерге кездеседі? - Мысық құйрығын қалай қайтарып алды?Д.ойын: «Ертегіні баянда.»<br>Шарты:Суретбойыншаертегініба яндау.<br>-Суретбойыншаертегіжүйесін сақтап баянда. - Мысық не істеді? - Мақтақыз неге ашуланды деп ойлайсың? - Мысықтың әрекетін ретімен әңгімеле. - Жұбыңмен бірге кейіпкерлер диалогін ойнап көрсетіңдер. -СенМақтақыздың | **Математика негіздері**<br>Міндеттері: Цифр мен заттар санынсәйкестендірудіүйрету; заттарды санау дағдыларын жетілдіру; 3цифррын дұрыс тану мен бейнелеуді үйрету;. Дидактикалық ойын «Артық затты тап».<br>– Төрт суреттің әрқайсысынан артықзаттытап.Неліктеноның артық екенін түсіндіріңдер. Балалар артық затты табады, негеартықекенінтүсіндіреді.<br>– Топтардыңәрқайсысында барлығы неше зат бар? .<br>– Артық затты алғанда топтардыңәрқайсысынданеше зат қалғанын түсіндір<br>Балалар қалған заттарды санайды.Олардыңүш-үштен екенінанықтайды.<br>– Бүгін қандай сан және цифрларментанысатынымызды кімайтады?<br>Д.ойын:«Шашыраңқысандар» Шарты:Педагог ойын шартын түсіндіреді: \үш балаға бірден үшке дейінгі сан беріледі. Әр-қайсысы бір-бірден алады. Шарттыдабылбойынша«тірі» цифрлар бөлмеде шашыраңқы болып жүгіреді. Жүргізушінің екінші дабылмен барлық сандар өз ретімен бірден үшке дейін сол жақтан оң жаққа қарай тұрады. Содан соң әр цифрға бөлек тапсырма беріледі.Цифрқаншаболса |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ойыншықтарым»өлеңінің эмоционалды-бейнелі мазмұнынқабылдауға, баяндаудың сипатын сезінуге үйрету.<br><br>**Д.ойын:«Ойлан,тап». Шарты: жұмбақтың шешуін табады.**<br>1. Суғасалсаңбатпайды, Түскенжергежатпайды. (доп)<br>2. Аяғы бар, жүрмейді, Аузы бар, күлмейді. Айнымайдыбөпемнен, Тексөйлеуді білмейді. (қуыршақ)<br>3. Сыбдырданқорқады, Шошынып жортады.(қоян)<br>-Сонымен бірсөзбен бұларды не дейміз?<br>-ОйыншықтарБалалардың назарын ойыншықтарға аудару. Дид.ойын «Қандай ойыншық?»Мақсаты: ойыншықтардытанып, аттарындұрысатау,түсін атау, ажырату.<br>**М.Әлімбаев«Менің ойыншықтарым» шығарманыоқужәне әңгімелепберу.**<br>–Д.ойын:«Ыстық картоп».<br>Шарты:Сұрақтарғажауап беру. | үйрету.<br>**Қызығушылықтыояту «Қандай? Қандай?» ойыны**<br>Педагог заттың атын айтады, балалар**қасиетін**(сынесімін) айтады.<br>Мысалы:–Доп→**домалақ, үлкен, қызыл**<br>– Қар → **ақ, суық, жұмсақ**Тілжаттықтыруүшін:**[к]–[к]** дыбыстарына бөлек жаттығу К…К…Кала Қ…Қ…Қап Көк,қатты,кітап,қоңыр,көше, қасық, т.б.<br>«К» мен «Қ» дыбыстарының дұрысартикуляциясынтүсіндіру. Балалар, біз затты көргенде оны **қалай** екенін айта аламыз.<br>– Мысалы,алмақандай?→ **Қызыл,тәтті,үлкен**<br>– Яғни,біз**алманыңтүсін,дәмін, көлемін** айтып тұрмыз.<br>– Осындай сөздер затты сипаттайды. ұрақ қойыпбекіту: Кітапқандай?(қалың,қызықты, ауыр)<br>Қар қандай? (ақ, суық, жұмсақ)<br>**Ойын:**«Суреткеқарап,сипатта». Суреттегізаттарды**сынесіммен сипаттау.**<br>**Үлестірмелі материалмен жұмыс.**Суреттердіңішіненкжәне қ дыбысы кездесетін суреттерді бояу.<br><br>***<u>«Ұлттықойын-ұлтқазынасы»: «Асықату».</u>***<br><br>**Шығармашылық іс-әрекет**<br>**Мақсат:** Балалардың өз бетімен жұмыстүрінтаңдап,көркемеңбек дағдыларын қолдану қабілетін дамыту;ойыншықтардыңбейнесін | (1+1=2)<br>Қуанып жүр бір түлкі, Қосылдыоғанбіркірпі. Ендітүлкі көңілді, Шат–шадыманөмірі. (Оларқаншаболады?) (1+1=2)<br>Д.ойын:«Сандарбойынша боя»<br>Шарты:Суреттісандар бойынша бояу.<br>Графикалық жұмыс.<br><br>**Сауаташу**<br>**Міндеттері:** Дауысты дыбыстарды**тыңдап,естіп тану.** Сөз ішінен **дауысты дыбыстарды табу.**<br>**Сұрақ-жауапойыны.**<br>-Дауыстыдыбыстарды қалайайтамыз?<br>-Оларқандайдыбыстар?<br>-Сөзде қалай кездеседі?<br>**Суретбойыншажұмыс.** Суретке қара. Дауысты дыбыстан басталатын сездерді ата.<br>**Дид.ойын:«Бұлне?»**<br>Шарты:Суретте берілген заттарды атайды? Және қандайдыбыстанбасталып тұрғанынайтады.<br>**Графикалық жұмыс.**<br><br>***<u>«Ұлттық ойын - ұлтқазынасы»:«Асықату».</u>***<br><br>**Қазақ тілі**<br>**Міндеттері:**Балалардың | орнындаболсаңнеістередің?<br>**Сауаташу**<br>Міндеттері:Дауыстыдыбыстар туралы түсінік беру..<br>***Дидактикалықжаттығуы «Әндетіпкөр»***<br>– Балалар, өзіміз білетін бір әннің әуенінтек«*а*»дыбысын дыбыстау арқылы айтып көрейік.<br><br>Күлім деген көзінен Күн мейірімі сезілген. Бұл жалғанда балаға Жақынжанжоқөзіңен.<br>**Үлестірмеліматериалмен жұмыс.**<br>Суреттерді ата. Дауысты дыбыстан басталатын сөздің суретінқызылүйгеорналастыр. Сызықпен қос.<br>**Ойын:«Қандайдыбыс естідің?»**<br>Педагог сөз айтады, балалар дауысты дыбысты тыңдап, атайды.**Мысалсөздер:**алма–[а] орамал – [о].<br>Дауысты дыбыс деген не? Сөз айтқанда **ауыз қуысынан еркін шығатын,созылыпайтылатын** дыбыстарды **дауыстыдыбыстар** дейміз.✅Дауысты дыбыстар айтқанда **ауыз ашылады**, кедергі болмайды.✅ Олар**созылады**:а-а-а,о-о-о,е-е-е... ***≪Тиісті текшенікөтер≫ дидактикалықжаттығуы***<br>Педагог балаларға дауысты, дауыссыз дыбыстарды айтады (дауыстыдыбыстардыайтқанда созып, әндетіпайтады).Балалар дауысты дыбысты айтқанда, | сонша алақанын соғу, алға қарай қадам жасау. «Тірі» цифрлар тапсырмасын орындайды, топтағы басқа балаға цифрды береді. Барлық қатысушыларауысқаннанкейін ойын қайтадан басталады.<br>Графикалық жұмыс.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>Міндеттері:Допты жоғары, жіптіңүстіненлақтыраалуға үйрету.<br>ҮІЮбарысы:<br>1. Кіріспебөлім<br>2. Жалпыдамытужаттығулары.<br>3. Негізгікимыл-қозғалыс жаттығулары.<br>4Қимыл–қозғалысойындары.<br>5.Қорытындыбөлім.<br><br>***<u>«Ұлттық ойын - ұлтқазынасы»:«Асықату».</u>***<br><br>**Музыка**<br>Міндеттері:Шығарманың эмоциялықмазмұнын,олардың сипатын,көңілкүйінажырату.<br>Д.ойын: «Кім тапқыр?»<br>Шарты:Жұмбақжасыру.<br>2. Тыңдау: «Қазан» (П. Чайковский). Әнайту. «Күзгіәуен»(А.Досмағанбет)<br>Дид.ойын: «Музыкалық ырғақты қозғалыс»<br>Шарты:«Марш» (Е. Андосов) Ырғақты қозғалыс жасау..<br>Рефлексия. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Шығармада қандай ойыншықтар туралы айтылған?Ойыншықтар неістейді?<br>М.Әлімбаевөлеңімен таныстыру.<br>Суретбойыншаөлеңді талдау.<br>«Не артық?» ойыны.<br>Тапсырма:Үлкенжәне кіші доптың суретін аяқтап сал. Боя.<br><br>***<u>«Ұлттық ойын - ұлтқазынасы»:«Асықату».</u>***<br><br>**Сауат ашу**<br>Міндеттері:Балалар сөздегі дыбысты тыңдап, дұрыс анықтай білу арқылы сөздіңмағынасынтүсініп, өз ойын нақты және байланыстырыпжеткізе алуға үйрету.<br><br>**Ойын:«Тыңдадатап!»**<br>Мұғалім сөзді айтады, балаларсөздің**алғашқы дыбысын** анықтайды.<br>**Мысалсөздер:**<br>**Кітап**–қандайдыбыстан басталады? [к]<br>Сөздің мағынасын түсіндіружәнеталдау<br>**Сөз:** «Алма»<br>– Бұлне?<br>– Алмақайда өседі?<br>– Қандай түсті болады?<br>**Суретбойыншажұмыс.**<br>Суреттен ек жабайы жануарларды тап, ата.<br>Суреттенекіжиhазды тап, | шығармашылықпенжасап, бірлескен әрекетке және қол моторикасындамытуғаықпалету.<br>**Міндеті:Құрастыру**:Балаларды құрдастарымен бірлесіп, ойыншықтардыңбейнесіннемесе композициясын (мысалы, ойыншық дүкені, ойын бұрышы) шығармашылықпен құрастыруға дағдыландыру.<br>**Суретсалу**:Ойыншықтардың өзіне тән пішінін, түсін және құрылымын ескере отырып, оларды қағаз бетінде дұрыс бейнелеуге үйрету.<br>**Мүсіндеу**: Шынайы немесе қиялдан ойлап табылған ойыншықтардыәртүрліпішінмен өлшемде мүсіндеу арқылы қол және саусақ қимылдарын жетілдіру, көлемдік ойлауын дамыту.<br>**Жапсыру**: Қайшыны қауіпсіз қолдануға үйрете отырып, геометриялықпішіндердіқиып, ойыншықтардың бейнесін жапсыру арқылы балалардың кеңістіктікойлауқабілетінжәне қол үйлесімділігін дамыту.<br>Ұйымдастыру.<br>Ойын: «Артығын тап».<br>Шарты:Берілгенсуреттіңішінен артығын табу.Негізгі бөлім .Балаларғатаңдауберіледі: «Ойыншықтарбейнесінөзіне ұнаған жұмыс түрін таңдап, тапсырманы орында.»<br>Өз бетімен жұмыс.<br>Ойын:«Көрмені тамашалайық».<br>Шарты:Көрме ұйымдасты-ру.<br>Қорытынды.<br>**Денетәрбиесі**<br>Міндеттері:Екітізеніңарасына | киізүйтуралыбарбілімін қолдана отырып, сөйлеу, тыңдау,сұраққою, жауап берудағдыларын дамыту. Өз ойын нақты, қысқа, толық жеткізуге үйрету. Диалог құру, бір-бірін тыңдаумәдениетін қалыптастыру.<br><br>–Балалар,киізүйтуралы не білесіңдер? **Сұрақ- жауап ойыны.**<br>Киізүйдіңтөбесіндене болады?<br>Киізүйдінегекиіздеп атайды?<br>Киізүйдіңішіненелер қойылады?<br>Киізүйдіңқандайпайдасы бар?<br>**«Меніңкиізүйім»сөйлем құрау ойыны.**<br>Балалар"Меніңкиіз үйім..." деп бастап, әрқайсысы1сөйлем айтады.<br>**Рөлдік ойын: «Қонақ күту»**Балалар3–4адамнан топтасып, рөлгебөлінеді:үй иесі,қонақ кішкентай бала,анасы<br>**Ситуация:**Қонаққкиізүйге келеді. Үй иесі қонақпен амандасады,төрге шақырады. Бала қонаққа сусын ұсынады, қонақ алғысынайтады.<br><br>**Денетәрбиесі**<br>Міндеттері:Бір орында тұрып,алғақарай3–4метр қашықтыққа жылжу | қызылтүстіфишканы,көтереді.<br>Қимылды ойын: "Дауыстыны естісең – орындықтан тұр!" Педагог сөз айтады.Егер сөздің **басындадауысты**дыбысболса – оқушы**орнынантұрады**.Егер дауыссызболса–**отырабереді**.<br>**≪Берілгендыбысқасөзойлап айт≫дидактикалық жаттығуы** Педагог балаларға «а» дыбысы нан басталатын сөздердіайтуларынсұрайды. *(Дұрысжауапбер генбалаға педагог бір фишкадан беріп отырады).*Мысалыайтылатын сөздер: *алма, алақан, алмұрт т.б.*Ойын соңында көп фишка жинаған жеңімпаз анықталады.<br>**Графикалық жұмыс.**<br><br>***<u>«Ұлттық ойын - ұлтқазынасы»:«Асықату».</u>***<br><br>**Қоршаған әлеммен танысу**<br>Міндеттері:Отбасыжәнеоның мүшелелері туралы әңгемелеу. Отбасы мүшелерін атай білуге және олармен дұрыс қарым-қатынас жасауға үйрету.<br><br>Д.ойын: «Кім тапқыр?»<br>Шарты:Жұмбақтыңшешуін табу.<br>а) Өзі үлкен кәріміз,<br>Ардақтаймызбәріміз.(Ата)<br><br>ә) Айналайын дегені,<br>Жанға рахат береді.<br>Көңіліңді түсініп,<br>Ертек айтып береді.<br>Олкімбалалар?(Әже) | ***<u>Қазақтілі</u>***<br>Міндеттері:Ойыншықтарды сипаттау, сөздерді байланыстырыпсөйлеу дағдыларынқалыптастыру.<br><br>Балалар бүгінгі біздің ҮІӘ тақырыбы: **«Менің сүйікті ойыншықтарым».** Осы ойыншықтарғабайланысты ойындар ойнайық.<br>Ойынымыздыңаты**«Көбелек гүлге қонады».**<br>**Ойын шарты**: Сендер гүлсіңдер, сол гүлге көбелек ұшып келіп қонады. Көбелек қайбалағақонсасолбаламенің сұрағыма жауап береді.<br>**Сұрақтар:** 1.Сүйікті ойыншығың бар ма? 2.Қандай ойыншығың бар? 3.Немен ойнайсыңдар? 4.Қандай ойыншықпенойнағандыжақсы көресің?Ия балалар ойынды жақсы ойнадық, бүгін біз сендермен сүйікті ойыншықтарымызжайлы айтамыз.Қараңдаршы, біздің сыныбымыздаойыншықтар көп екен.Мұндай түрлі ойыншықтар бізге ойнау үшін керек. Қане мына ойыншықты ұстап көрейікші.<br>Қандай екен?<br>Балалардыңжауабы: Жұмсақ.<br>**Тәрбиеші:**Ойыншықтарды ұстап сипап көру арқылы біз олардыңқандайекенінбілеміз. Ойыншықтарпластмассадан, резинадан, ағаштан, темірден,матадан жасалады. Олар үлкендердің еңбегінің арқасында жасалады. Балалар ендіосыойыншықтарымызбен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ата.Суреттенекіыдысты тап, ата. Суреттен екі үй жануарын тап, ата. Суреттен екі көкөністітап, ата. Суреттен екі жемістітап,ата.Суреттен екі жидекті тап, ата.<br>**Ойынатауы:**"Дыбысты тыңда – Түсті таңда!"**Мақсаты:**Балалар дың **фонематикалық есту** қабілетіндамыту;<br>[а] дыбысының сөзде **қайдатұрғанын**сезіне білу<br>**Саусақтаржаттығуы**<br>Бәр, екі, үш,<br>Кәне,жинапкүш.<br>Саусактарды басайық,<br>Жаттығудыжасайык.<br>**Графикалыкжұмыс.**<br><br>**Музыка**<br>**Міндеттері:**<br>Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардыңсипатын,көңіл күйін ажырату, әсерлі реңктерінажырату<br>1. Ұйымдастыру.<br>Негізгі бөлім.<br>Жұмбақжасыру.<br>2. Тыңдау: «Қазан» (П. Чайковский). Ән айту. «Күзгі әуен» (А. Досмағанбет)Музыкалық ырғақты қозғалыс:«Марш»(Е. Андосов). 5.Қорытынды. | қапшықты қысып алып, түзу бағытта(арақашықтығыбметр) қос аяқпен секіру.<br>ҰІӘбарысы..<br>1. Кіріспебөлім<br>2. Жалпыдамытужаттығулары.<br>3. Негізгікимыл-қозғалыс жаттығулары.<br>4Қимыл–қозғалысойындары.<br>5.Қорытындыбөлім. | арқылысекірудіүйрету. ҰІӘ барысы.<br>1. Кіріспебөлім<br>2. Жалпыдамыту жаттығулары.<br>3. Негізгікимыл-қозғалыс жаттығулары.<br>Бірорындатұрып,алға қарай 3–4 метр қашықтыққа жылжу арқылы секіру.<br>4Қимыл–қозғалыс ойындары.<br>5.Қорытындыбөлім. | б) Сөйлемейді күледі,Төртаяқтапжүреді.( Бөпе)<br>Д.ойын: «Суреттер сөйлейді».<br>Шарты:суретбойыншажұмыс.<br>«Әкеңменанаңныңаты–жөні кім?»<br>Ойынныңшарты:Балалардопты бір-бірінеберіп, анасының,әкесініңаты-жөнін айтып береді.<br>Д.ойын: «Боямақ».<br>Шарты:Суреттібояу.<br><br>**Сөйлеудідамыту** Міндеттері: Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуыұқсасдауыссызж-шдыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету.<br>**Тіл жаттықтыру жаттығулары:**<br>Айырмашылығынестугеүйрету:<br>–Балалар,мынасөздердітыңдап көріңдер:<br>**Жаңа–шана**<br>**Жел – шел**<br>**Жап – шап**<br>**Жол – шөл**<br>Ж–Шдыбыстарықалай айтылады?<br>**Ж**–жұмсақ,сәлдірілмен айтылады.<br>Мысалы:жапырақ,жылқы, жейде, жаңбыр<br>**Ш**–ауа"сыбырлап"шығады<br>Мысалы: шапан, шана, шөп, шелек<br>Айтуға жаттықтыру:<br>**Жа – жа – жа**<br>**Ша–ша–ша**<br>**Жел–шел, жүз–шүз, жер–** | ойын ойнайық.Мен үстелүстіне ойыншықтарды қоямын сендер мұқият қарап алып көздеріңдіжұмыңдар,мен«аш» деген де көздеріңді ашып үстел үстінде қандай ойыншық жоқ екенінтабасыңдар.<br>Доп добым домалақ<br>Қайдакеттіңдомалап<br>Бір, екі деп ұрдым Шатырға сен секірдің **Дәптермен жұмыс.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **шер**<br>«Сөзді аяқта» ойыны:Мұғалім бастапқы буынды айтады–балаларсөзқұрайды. **Жа...** → жаңбыр, жапырақ **Ша...** → шана, шалбар<br>**«Дыбысты тап» тапсырмасы**<br>Берілген суретке қарап, **ж**немесе**ш**дыбысыбарсөздіатау.<br>**Қимылмен қайталау:**<br>**Шапалақта – Ш!**<br>**Жүгір–Ж!**<br>Мұғалімдыбысайтады,бала сәйкес қимыл жасайды («Ж!»–жүгіріпкөрсетеді;«Ш!» – шапалақтайды)<br>**ЖжәнеШ дыбыстарынан басталатынсурет салу.** | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| **ЕҚБҚ** | «Маса»ойыны<br>Суреттегімасаны көрсетеміз,мынау«Захар» деген маса,ол З-з-з деп ызыңдайды,сұқсаусақпенбас бармақты түйістіріп,айналдырыпЗ-з-з дейміз.<br>Енді масаны ұстап аламыз,қолымыздыжұдырыққа түйіп,құлағымызғатосамызЗ-з-з,естідің бе?Қане енді сен ұстапал | Ойын:Құлыншақ<br>Мақсаты:«И»дыбысынанық айтуға үйрету.<br>Ойын шарты: Тәрбиеші ойыншықаттыкөрсетіп, оның «и-и-и» депдыбысшығаратынын түсіндіредіжәнебалаға2-3 рет қайталап айтқызады.<br>Баптайын ылғи, бағайын,<br>Арқаңнан сипап қағайын,<br>Бәйгеге мініп шабайын,<br>Тұлпарбопөсшіқұлыным! | Ойын.Сағаттықылдайды<br>Мақсаты:Дыбыстарды айтуды, дыбыстау аппаратын дамыту. Дыбыстардыңайтылуын бекіту. Біркелкі сөз қарқынын, сөздерді жылдам жәнебаяу,қаттыжәнежай айтуды шынықтыру.<br>Ойын шарты: Тәрбиеші балағасағаттардыкөрсетіп, айтады: «Бұл – сағаттар. Олар жүргенкезде «тк-тк, тк-тк» деп тықылдайды. Сағаттар қалайтықылдайды?.Үлкен сағаттар жүрген кезде «тк-тк»депқаттыжәнебаяу,ал кіші сағаттар «тк-тк» деп жай және жылдам тықылдайды | Төмендегіңдыбысыкездесетін буындар мен сөздерді дұрыс айтқанға дейін қайтала. Өзіңе таныс әуенге салып айтуға болады. аң – даң – жаң – заң – ұң –қаң–лаң–маң–оң–паң– раң –саң–таң–шаң–ең– бең – жең –зең–кең–лең–мең–пең – рең – сең – тең – шең – мың – тың. | «Меніменқайтала»<br>Ғ,Қәріптерінекөңілбөлу Ға – ға – ға,<br>Талбасындақарға.<br>Ғаш – ғаш – ғаш,<br>Ұясалды қарлығаш.<br>Бұл–бұл–бұл,Сайрайды бұлбұл.<br>Қан – қан – қан,Алақанатсауыс қан. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенгедайындық** | Балалардыңдербесқимылбелсенділігіүшінжағдайжасау, ойынқұрал-жабдықтадыдұрыспайдаланутуралыәңгімелесу. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |
| **Серуен** | Картотека№10 | Картотека№12 | Картотека№15 | Картотека№9 | Картотека№11 |
| **Серуенненоралу** | Топқа оралукезіндежылдамқатарғатұруды дағдыландыру. Асықпайбір-бірінитермейжүруді үйрету. Топта киетінаяқкиімдерінөзбетіншеауыстырып,киюін қалыптастыру. Күз туралы тақпақ жаттау. **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Балаларменжеке жұмыс** | **Сабинамен жекежұмыс:**<br>**Ойын: «Дұрыс жүр»**<br>**Мақсаты:**Өкшемен,аяқтың сыртқы қырымен, адымдап жүруді үйрету | **Ақеркемен жеке жұмыс:** Ойын: «Сиқырлы дыбыс».Мақсаты:Белгілі дыбысқа(*с, м, т*)ауызша сөздердітабаалуды.йрету. | **Нурисламмен жеке жұмыс:**Туыстыққарым-қатынасты білдіретін сөздерді білуді, өзінің отбасы, отбасылық мерекелер,отбасындағы қызықтыоқиғалар,салт-дәстүрлер туралы айта алудыүйрету. | **Рахыммен жеке жұмыс:** Жеке заттарды және сюжеттік композициялардысалудыүйрету. | **Алдиярменжекежұмыс:** Мүсіндейтінзаттықолына алып,зерттеудіоныңөзіне тән ерекшеліктерін беруге тырысады. |
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)** | **Ойын:«Судыүнемдейміз»**<br>**Мақсаты:** Судын үнемдеу әдістерінүйрету.<br>**Қалай ойнаймыз:**Мұғалімсу туралы әрекеттердің суретін көрсетеді.Балалар«иә»немесе «жоқ»депжауапбереді:бұл әрекет суды үнемдей ме? Мысалы, кранды ашық қалдыру—«жоқ»,кранды дұрыс жабу — «иә».<br>**Суды үнемді тұтыну. Экологиялықтәрбие.** | **«Тамақты үнемдеу»** Балаларғаұннантұздықамыр жасаудыүйрету.Әрбалағаәр түрлі түсті бояу қосып, қамырдың түсін өзгертіп қамыр жасату. Жасалған қамырданнан,бауырсақ,торт т.б балалардың қалауы бойынша мүсіндер жасату.<br>**(мүсіндеу) Тамақты үнемді тұтыну** | **Вариативтікбөлім:**<br>**«Ойнайық та, ойлайық»**<br>**Ойынныңатауы:**«Менің достарым»<br>**Мақсаты:**Достық туралы әңгімелеу.<br>**Мазмұны:**Достық туралы түсінік қалыптастыру.<br>Балалар досының жақсы қасиеттеріна йтып үйренеді. «Жақсы сөз – жан азығы», «Досымды табамын» ойындары арқылы мейірімділікпен сыйластық сезімдері тәрбиеленеді.<br>. | **Ойын: «Қай әрекет дұрыс?»**<br>**Мақсаты:** Балаларға дұрыс пен бұрысты, құқық пен ережелерді түсіндіру.**Қалай ойнаймыз:** Педагог бірнеше жағдай немесе сурет көрсетеді (ойыншықты бөлісу, кезек күту, үлкендердің сөзінтыңдау).Балалар«иә»немесе «жоқ» деп жауап береді. Әр жауаптан кейін педагог дұрыс-бұрысты түсіндіреді. **Мысал:** Досыңойыншығынбермейжатыр. Кезекке өтіп кету.Үлкендердің сөзін тыңдау. **Құқықтық сауаттылық.** | **Ойын:«Энергияны үнемдейміз»**<br>**Мақсаты:**Балаларғажарық пен электр энергиясын қалайүнемдеугеболатынын үйрету.<br>**Қалай ойнаймыз:** Мұғалім суреттер көрсетеді(жарықты өшіру, пайдаланбайтынқұрылғыны сөндіру). Балалар «иә» немесе «жоқ» деп жауап береді: бұл әрекетэнергияны үнемдей ме?<br>**Энергиянаыүнемдеу.** |
| **Балалардыңүйге қайтуы** | «Өнегелі15 минут»<br>**"Менің армандарым"** Балаңызға болашақта қандай мамандықтандағысыкелетіні туралысұраңыз.Неліктендәл солмамандықтықалайтынын, ол мамандықта қандай жақсы істержасайтынынбірге | «Өнегелі15 минут»<br>**"Кішкентай көмектер"** Балаңызға үй ішінде жасай алатынкішкентайкөмектерді атап шығыңыз (мысалы, ыдыс жуу, бөлмені жинау, киімдерінжинау).Солтізімді біргежасап,күнсайын | «Өнегелі15 минут»<br>**"Рахмет айту"**Балаңызбен бірге сол күні оған көмектескен, қолдау көрсеткен адамдарға (ата-ана,бауырлар,мұғалімдер) кімге және не үшін рахмет айтуғаболатынын | «Өнегелі15 минут»<br>**"Табиғатқа үңілу"**Балаңызбенбіргедалаған емесе бақшаға шығып, табиғаттағы заттарды бақылаңыз. Мысалы, ағаштыңжапырақтары,құстардың дауысы, гүлдер. Қандай нәрселер ұнағанын сұраңыз, неге деп | «Өнегелі15 минут»<br>**"Менің сүйікті кітабым"** Балаңызғаөзсүйіктікітабын айтып беруді сұраңызнемесе бірге оқып шығыңыздар. Кітаптағы кейіпкерлер туралы, олардыңқандайжақсы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | талқылаңыз. | біреуін орындауға үгіттеңіз. Бұлбаланыңжауапкершілігін арттырады. | талқылаңыз. Және бірге алғысайтуғаүйретіңіз.Бұл балада ризашылық сезімін дамытады. | талқылаңыз.Бұлбаладатабиғатқа дегенсүйіспеншіліктіарттырады. | қасиеттерібарекенітуралы әңгімелесіңіз. Бұл балаға кітап оқу мен дүниені түсінуді ұнатады. |

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Топ/ сынып - мектепалды 0 «А» сыныбы Балалардың жасы- 5 жас**

**Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету) – 22-26 қыркүйек 2025 ж. Құндылықтар: Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы**

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен карсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту **(сөйлеуді дамыту).**<br>**«Күй күмбірі» /Балбырауын/**-балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру. **«Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| | «Кім қалай еңбек етеді?» қимылды ойыны<br>**Мақсаты:** Еңбек түрлерін қимыл арқылы көрсету.<br>**Ойын барысы:**<br>Тәрбиеші бір мамандықты атайды, балалар оның жұмысын қимылмен көрсетеді (мысалы, егінші – күрекпен қазады, тігінші – ине шаншиды). | «Үй жануарларын тап»<br>**Мақсаты:** жануарларды тану, сөйлеуді дамыту<br>**Өтуі:**<br>Жануарлардың дыбыстары естіледі (видео/аудио).<br>Бала: «Бұл — сиыр. Ол мөңірейді!» — деп жауап береді.<br>**Қосымша:** Ойыншық жануарларды көрсету арқылы ойнатуға болады. | «Қызықты сұрақтар»<br>**Мақсаты:** сөйлеу қабілетін дамыту, өзін таныстыру<br>**Өтуі:**<br>Әр балаға тәрбиеші жеңіл сұрақ қояды: «Сенің сүйікті түсің қандай?», «Қандай ойыншық ұнайды?» | «Жануарлар мимикасы»<br>**Мақсаты:** эмоцияларды түсіну, қимыл-қозғалысты дамыту<br>**Өтуі:**<br>Тәрбиеші жануар атайды (мысық, ит, құс).<br>Балалар сол жануардың қимылдарын, дыбыстарын қайталайды.<br>Ойын көңілді әрі қозғалмалы. | «Қай дыбыс қайдан?»<br>**Мақсаты:** зейін, дыбысты ажырату<br>**Өтуі:**<br>Әртүрлі дыбыстар (көлік, жануарлар, заттар) ойнатылады.<br>Балалар қай дыбыс қайдан шыққанын табады.<br>Мысалы: «Бұл дыбыс қайдан шығады?» (Қуанышпен жауап беруі тиіс). |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | **Апта дәйекі сөзі«Білім мен еңбек – болашақтың шамы.» «Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасы** | Тақырып: «Баланың күн тәртібін сақтау»<br>**Кеңес:**<br>Тұрақты ұйықтау және тамақтану режимін қадағалаңыз.<br>Ойын мен оқу уақытының арақатынасын бақылаңыз.<br>Режимнің баланың денсаулығы мен көңіл-күйіне әсері зор екенін түсіндіріңіз. | Тақырып: «Баламен тиімді қарым-қатынас құру»<br>**Кеңес:**<br>Балаға қарағанда көзге қарап сөйлесіңіз.<br>Оның ойын бөліп тастамай, сабырлы тыңдаңыз.<br>Күнделікті жағдайларда кішкентай әңгімелер арқылы сенімді қарым-қатынас орнатыңыз. | Тақырып: «Баланың тілін дамытуға көмектесу»<br>**Кеңес:**<br>Көп оқыңыз, балаға сұрақтар қойып, әңгімелесіңіз.<br>Ойын арқылы сөздік қорын кеңейтіңіз (мысалы, суреттермен жұмыс).<br>Оның айтқанын түзетудің орнына, дұрыс нұсқасын қайталап беріңіз. | Тақырып: «Баланың эмоциясын қабылдау»<br>**Кеңес:**<br>Баланың қуанышына да, көңіл-күйінің өзгеруіне де мән беріңіз.<br>«Жылама», «есіңде болсын» дегеннің орнына: «Сенің бұл сезіміңді түсінемін» деп айтуды үйреніңіз.<br>Эмоциясын еркін білдіруіне мүмкіндік беріңіз, ол баланың психикалық денсаулығы үшін маңызды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардыңдербес іс-әрекеті (қимылдық,ұлттық, сюжетті-рөлдік,үстелүсті-баспа және басқа ойындар),бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалары)** | **ҚазақстанРеспубликасының Әнұранын орындауы «Адалазамат»Біртұтастәрбие бағдарламасы**«Бағдаршам» ойыны. Ойынныңмақсаты:Жол белгілеріментаныстыру.<br>**Қауіпсіздікережесі «Адалазамат»Біртұтастәрбие бағдарламасы** | **«Әділшешімқабылдау»рөлдік ойыны**<br>**Мақсаты:** Балаларға түрлі жағдайларда әділдік пен жауапкершіліктітүсініп,шешім қабылдау дағдыларын дамыту.<br>**Құқықтық сауаттылықты қалыптастыру.** | **Мақсаты:** Судың маңызынтүсіндіру.<br>**Ойын барысы:** Мұғалім«Кранашық!» десе,балаларқолдарымен су ағызып тұрғандай қимыл жасайды.<br>«Кран жабық!» десе – қолдарынтоқтатады.Егер бала шатасып, қимылды тоқтатпаса – ойыннан шығады немесе біртапсырмаорындайды.<br>**Суды үнемді тұтыну.** | **«Ұлттықойын-ұлт қазынасы»**<br>«Тенгеалу»ұлттық ойын.<br>**«Адалазамат»Біртұтас тәрбие бағдарламасы** | **«Ақшаны бөлу»**<br>*Мақсаты:* Ақшаны үнемдеу, жұмсау және жинақтау әрекеттерінтүсіндіруарқылы қаржыны жоспарлау дағдыларындамыту.<br>**Қаржылықсауаттылықты қалыптастыру.** |
| **Таңертеңгілік жаттығу** | Картотека№17-21 | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық(бұданәрі – ҰІӘ)** | ҰІӘтақырыбынасай. | ҰІӘтақырыбынасай. | ҰІӘтақырыбынасай. | ҰІӘтақырыбынасай. | ҰІӘтақырыбынасай. |
| **КестегесәйкесҰІӘ** | **Математиканегіздері**<br>**Міндеттері:**Балаларға4цифрын таныстырып, сол цифрға сәйкес заттарды санау, цифр мен заттар санын дұрыс сәйкестендіру дағдыларындамыту.<br><br>«Цифрмензаттарсанын сәйкестендіру»<br>Балаларға әртүрлі заттардың суреттеріберіледі(2,3,4,5зат). Олардыңішінен4заттытауып,4 цифрына сәйкестендіреді.<br>2) «Санау және көрсету»Мұғалім4заттыбіріненсоңбірін көрсетеді.<br>Балаларбір-бірденсанап шығады.<br>Содан кейін балаларөздері қолдарымен4заттыжинап, санайды.<br>**«Санамақ»**<br>Бір,екі,үш,төрт, | **Қоршаған ортамен танысу**<br>**Міндеттері:** Балаларға **туыстықбайланыстар**туралы түсінік беруді жалғастыру: өз жұрты,нағашыжұрты,ата-әже, аға-әпке, т.б.<br><br>«Күнсәулесі»**ойыны.**<br>-Балалар,бірсәткөздеріңізді жұмып, отбасыңыз-дағы туыстарыңызды еске түсіріңіздерші...<br>Күнсәулесікімгенұрын шашады?<br>Аталарына.Ортаға аталарын жақсыкөретінбалаларшығады.<br>Күн сәулесі кімге нұрын шашады?<br>Әжелеріне,әкелеріне,аналарына -әжелерін, әкелерін, аталарын жақсыкөретінбалаларшығады.<br>Туыстық байланыстарды түсіндіру: | **Математика негіздері**<br>**Міндеттері:**Балаларға5 цифрынтаныстырып,5санына сәйкес заттарды санау және цифр мен заттар санын сәйкестендірудағдыларын дамыту.<br><br>**Ойын жағдаяты.**Әлия мен Сырымертегікейіпкерлерін шақыруды ұсынады.<br>Педагог алдымен 4 әртүрлі ертегікейіпкерлеріншығарып, рет-ретімменсанауды ұсынады. Одан кейін ұйымдастырылған оқу қызметіне тағы бір кейіпкердің жүгіріп келгенін хабарлайды.<br>«Енді кейіпкерлер нешеу болды?»дегенсұраққойылады. (Бес).<br>Қалайкейіпкерлерсаны5-еу болды? | **Көркемәдебиет**<br>**Міндеттері:** «Жемістер жыры»өлеңініңмазмұнын ашу.Өлең ырғағын келтіре отырып,тіл ерек шелігін, көркем сөздерін түсіну, әр шумағынқайталаубарысында ойлау қабі летін дамыту.<br>**Ойын: «Ойлан тап».**<br>**Шарты:**Жұмбақтыңшешуін табу.<br>Көктемде Ақгүлгеоранады, Күзде Қолғадопбопоралады.*(Алма)*<br><br>Тіл үйірген дәмі бар,Сарыалтынтүс–сәнібар. Шақсаң егер кептіріп, Сүйегінің дәні бар,<br>Баққа тұрар сән беріп, Алқаетіптізіпал.*(Өрік)*<br>Ирек-ирек әкесі бар, | **Математика негіздері**<br>**Міндеттері:**Балаларға6 цифрын таныстырып, 6 санына сәйкес заттарды санау және цифр мен заттар санын сәйкестендірудағдыларын дамыту.<br><br>Балалар,есімізге «Шалқан»ертегісін түсірейік. Ертегіде шалқанды жұлып алуүшінкімдердің көмектескенін білесіңдер ме?Кейіпкерлерінатайық. Ата, әже, қыз, күшік, мысық, тышқан. (ретімен орналастыру)<br>6цифрынцтөменгіжағы дөңгелекке ұқсайды, жоғарғы жағы ілмекке |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жиналамызбәріміз.<br>Бір, екі, үш, төрт,<br>Секіремізбәріміз.<br>Бір, екі, үш, төрт,<br>Отырамызбәріміз.<br>*Д.ойын:«Төртцифрынтап».*<br>*Шарты:* Өзге цифрлардың арасындағытөртцифрларын тауып,олардықоршап шығу.<br>*Ойын:«Өзорныңды тап»*<br>*Шарты:балаларға 1ден 4ке дейінгі кеспе сандарды омырауларына тағу.Музыка ойнаған кезде балалар класс ішіндежүгіріпжүреді,музыка тоқтағансоңбалалар ретімен қатарғатұруыкерек,қатардағы орнын атауы керек*<br>**Графикалықжұмыс.**<br>**Көркем әдебиет**<br>**Міндеттері: «Мақта қыз бен мысық»** ертегісі арқылы балалардың ертегі туралы білімдерінкеңейту,кейіпкерлерді тануға, мазмұнын түсінуге және өмірмен байланыстыра білуге үйрету.<br><br>**Д.ойын:**«Ойлан тап».<br>**Шарты:**Жұмбақтыңшешуін табу.<br>Тіршіліктіңнәрі<br>Тазалықтыңәрі<br>(су)<br>2) Екі айнасы бар<br>Екінайзасыбар<br>Төртжылтырмағыбар Бір шыбыртқасы бар<br>(сиыр)<br>3) Ағайындыбәрі<br>Шықса-жасыл | Өз жұрты – әке жағынан тарайтынтуыстар(ата,әже, әке, аға, әпке)<br>Нағашы жұрты – анасының туыстары(нағашыата,нағашы әже, нағашы аға, т.б.)<br>Туыстықатаулар:бауыр,аға, әпке, қарындас, сіңлі, жиен, бөлелер<br>– Сеніңнағашыатаңкім?<br>– Атаңныңұлысағанкім болады?<br>«Отбасы ағашы» ойыны<br>Балаларғаотбасыағашысуреті беріледі<br>Әрбаласуретбойыншаотбасы мүшелерінорналастырады және кім кімге кім екенін айтады<br>«Кімкімгекім?»ойыны<br>Мысалы:<br>Әкеңнің анасы кім? – Әже<br>Анаңныңағасыкім?–Нағашы аға<br>Атаңныңбаласысағанкім?– Әке<br><br>**Сөйлеудідамыту**<br>**Міндеттері:**Ана тіліндегі **дауыстыдыбыстарды**анық, дұрыс айтуға үйрету;<br>Айтылуы мен дыбысталуы ұқсас **з** және **с** дауыссыз дыбыстарынажыратабілужәне дұрыс айту дағдыларындамыту;<br><br><br>Дауысты дыбыстардың айтылуын, ауыз қимылын көрсету(мысалы,«А»,«Е», «Ы»дыбыстарынайнаалдында айту).<br>«З»және«С»дыбыстарының ұқсастығы мен | (5дегеніміз–4және1).<br>**2.Негізгікезең**<br>**Сергіту сәті**<br>Бас бармағым – әкем,<br>Балаң үйрек – шешем,<br>Ортақ тірек – ағам,<br>Шылдыр шүмек апам,<br>Кішкентайбөбек–мен. Бір үйде біз нешеуміз?<br>Бірүйдебізбесеуміз.**Ойын1: «Цифрмензаттарды сәйкестендіру»**<br>Балаларғаәртүрлізаттардың суреттері беріледі (3, 4, 5, 6 зат).5заттытауып,5цифрына сәйкестендіреді.<br>**Ойын2:«Санаужәне көрсету»**<br>Мұғалім 5 затты бірінен соң бірінкөрсетеді,балаларбірге санайды.<br>Балаларөздері5затжинап, санайды.<br>**Графикалықжұмыс.**<br><br>**Сауаташу**<br>Міндеттері: **«А» және «Е» дыбыстарының дауысты дыбысекенінтүсіндіру.**Ауыз қимылы арқылы дыбыстың айтылуын көрсету<br><br>1. Адыбысы<br>Балалармenбірге«А»дыбысын айтып көру<br>Айнамен қарау (ауыз кең ашылады,тілментіскедергі келтірмейді)<br>Суретарқылысөздертабу (Алма, Ата, Аю)<br>2. Едыбысы<br>Едыбысынайту(ерінсәлкері тартылады)<br>Суретарқылысөздертабу(Ет, Емен, Ерке) | Желбіреген шешесі бар,<br>Тәттібике деген қызы бар.<br>***Шие***<br>Үлкендігі алмадай,Сырты жанған қызыл от, Ішін жарып қарасаң- Майда, майда қызылшоқ<br>**ІІ.Негізгібөлімі.**<br>**Дидактикалықойын:**«Дәмін тат, атын ата»<br>**Мақсаты:**Балалардыңдәмсезу қабілеттерінарттыру.<br>Балалар, бүгін біздер Рза Қунақованың «Жемістер жыры»өлеңіментанысамыз.<br>Өлеңдімәнерлепоқыпберу.<br>Балалармен бірге өлеңді жаттау.<br>Сұрақ-жауап:<br>- Балалар,алманыңтүсі, дәмі қандай?<br>- Өрікағашықашан гүлдейді?<br>- Алма, өрік қашан гүлдейді?<br>**Шығармашылықжұмыс:**<br>Сүйіктіжемісініңсуретінсал.<br>**Сауат ашуМіндеттері:**<br>Дауысыз дыбыстардыңқалай жасалатынынтүсіндіру.<br>Дауыссыздыбыстардыдұрыс айтуға үйрету<br>**Түсіндіру** Айнамен жұмыс: ауыздықалайқысады,тілдіқай жерге қояды, ерін қалай қозғалады – көрсету.<br>Мысал ретінде қарапайым дауысыздыбыстардыайту:**П, Т, К, С, М** және олардың жасалуерекшеліктерін түсіндіру.<br>«Қай дыбыс?» ойыны:Мұғалім бірнеше дыбыс айтады, балалар дауысты немеседауысызекенінайтады. | ұқсайды.<br>6 санымен таныстыру.<br>Есікке салар іліп,<br>Мынау деген құлып.<br>Аузыашылмағанқалпы<br>Айнымаған«6»<br>**Д. ойын:** «Толықтыр».<br>**Шарты:** Әр паровозда көрсетілген сан қанша болса, сонша вагон болатындайтолықтырып суретін салу. Балалар санды атайды, санайды, қанша вагон жоқ екенін айтады. Суретін салады. Жұмысты жеке орындайды.<br>**Сергіту сәті**<br>**Ойын 1: «Цифр мен заттардысәйкестендіру»**<br>Балаларға әртүрлі заттардыңсуреттері беріледі (5, 6, 7 зат). 6 затты тауып, 6 цифрына сәйкестендіреді.<br>**Ойын2:«Санаужәне көрсету»**<br>Мұғалім6заттыбірінен соң бірін көрсетеді, балалар бірге санайды.<br>Балалар өздері 6 зат жинап, санайды.<br>**Графикалық жұмыс.**<br>**Дене шынықтыру**<br>**Міндеттері:**Жүрумен жүгіруді алмастырып, заттардыңарасымен «жыланша»төрттағандап еңбектеуге үйрету.<br>**ҮІӘбарысы:**<br>1. **Кіріспебөлім**<br>2. **Жалпыдамыту жаттығулары.**<br>3. **Негізгі кимыл-қозғалыс жаттығулары.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Шықса-сары<br>(жапырақ)<br>Балалар, бүгін біз сіздермен ертегілер еліне қонаққа барамыз.Ертегілер елі өте әдемі,сиқырлыәлем.Бұләлемде жануарлар, өсімдіктер бір-біріменсөйлеседі, Мынаүстелүстіненазар аударайық.<br>Мынажерде көптеген ертегі кейіпкерлердіңсуреттері жатыр,қандайтеатрекенін,қай ертегі екенін айтайық.<br>Саусақтеатры:«Үшаю», «Үйшік».<br>Келесі үстелге назар аударайық.Бұлжердеқандай театр және қай ертегінің кейіпкерлерісоны атайық.<br>Көлеңкетеатры.:«Бауырсақ» ертегісі.<br>Келесіүстелдеқандайертегінің кейіпкерлері?<br>Қуыршақтеатры:«Мақтақызбен мысық»<br>**«Мақтақызбенмысық» ертегісін сахналау.**<br>**Д.ойын:«Артығынтап».**<br>**Шарты:**Берілгенсуреттің ішінен артығын табады.<br><br>***«Ұлттық ойын - ұлтқазынасы»:«Теңгеалу».***<br><br>**Сауаташу**<br>**Міндеттері:** Дауысты дыбыстардыңжасалужолдарын түсіндіру (ауыздың ашықтығы, ауа кедергісіз шығатыны т.б.)<br>**«Сөз ойла» дидактикалық ойыны.** Мақсаты: ойлау қабілетіндамыту.Тәрбиешібір дыбысты айтады да, допты бір балағабереді.Баласол дыбыстан | айырмашылығынайту,көрсету. Мысалы, «з» – дауысты, «с» – дауыссыз.<br>**Тілдамытуғаарналған жаттығулар:**<br>Дыбыстарды қайталау(дауыстыжәнез,сдыбыстары). Қызықты сөздермен жұмыс: сөздердітыңдап,«з»немесе«с» дыбысынтабу.<br>**Д.ойын: «Ойлап көр».**<br>**Шарты:**Жұмбақтыңшешуін табу. Заузадан көре аласың,Заңғардантабаа ласың,<br>/З/<br>Қыста бар, жазда жоқ. Түстебар,кешкежок/С/<br>-Балалар,бүгінгііс-әрекетімізге З және С дыбыстары қонаққа келді.<br>**Дид.ойын:**«Ұйқасынтап»<br>Са-са-са–Сара ----------------- ас - ас-ас-бұйрабас<br>За-за- за–Зада ----------------- аз-аз-аз-басы таз<br>Сы-сы-сы –сыбдыр ---------- ыс-ыс-ыс- келдіқыс<br>Зы-зы-зы-зығыр ---------------ыз-ыз-ыз–соқты аяз<br><br>Ойын « Не артық?» / С - З дыбыстарынсөздеажырату/<br>С-асқабақ,сарымсақ,сәбіз, бұрыш<br>З-қияр,қызылша,пияз, қызанақ<br>**Жұмысдәптеріменжұмыс.**<br><br>***«Ұлттық ойын - ұлтқазынасы»:«Теңгеалу»***<br><br>**Шығармашылықіс-әрекет**<br>**Мақсат:** Балаларды адам бейнесінтүрлікөркемеңбек | Мұғалім:Бұлдыбыстарды айтқанда **ауа кедергісіз** шығады, ауызымыз **ашық** болады. Сондықтанбұл — **дауысты дыбыстар**.<br>Дыбысты тап!» ойыны<br>Тәрбиешісөздерайтады:Алма, Ет, Тосап, Кесе<br>Балалар**А**немесе**Е**дыбысы бар сөзді табады.<br>«Айт, тап, көрсет»<br>Тәрбиеші:«Адыбысыбар суретті тап»<br>Балаларсуреттерішінен(Алма, Аю, Кесе, Етік) **А дыбысы барын** көрсетеді<br>Сосын**Едыбысыбар суреттер** көрсетіледі<br>«Сөздендыбыстытап» тапсырмасы<br>Балаларсөзестиді:*Ата,Етік, Емен, Аю*<br>Сөздің **басында, ортасында, соңында**қандайдыбысбарын айтады<br>***Графикалық жұмыс.***<br><br>***«Ұлттық ойын - ұлтқазынасы»:«Теңгеалу»***<br><br>**Қазақ тілі**<br>**Міндеттері:**Балаларғахабарлы сөйлемнің не екенін түсіндіру Мысалдар арқылы сөйлем құрастыру.Тыңдаужәнесөйлеу дағдыларындамыту<br><br>Балалар, біз бүгін сөйлем түрлерініңбіріментанысамыз. Ол – **хабарлы сөйлем**.<br>– Хабарлысөйлем–бірнәрсе жайлы **хабарлап, айтып тұратын сөйлем**.<br>– Хабарлысөйлемніңсоңына **нүкте**қойылады. | «Дыбыстықайтала»: Мұғалім бірнеше дауысыз дыбыстыатапшығады,балалар қайталапайтады.<br>«Дауыссыз дыбыс суреттерде»: Карточкалардан дауысыз дыбыстарғасәйкессөздерді табу және айту.<br>**Сурет бойынша жұмыс:**дауыссыздыбыстан басталатын сөздерді ата.<br>*Графикалықжұмыс)*<br>4.Нүктелердібастыр.<br>5.Штрихта.<br><br>***«Ұлттық ойын - ұлтқазынасы»:«Теңгеалу»***<br><br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>**Міндеттері:** Балаларға **жеті атасын білу, отбасының тамырларын таныстыру** арқылы ата-анаға, үлкендерге құрметтіңмаңызынтүсіндіру..<br>**Шаттық шеңбері:** *«Менің отбасым – менің бақытым»*<br>Әр бала өз отбасы мүшесінатап,біржақсықасиетіна йтады<br>«Жеті ата – бұл сенің ата-анаңнан бастап жеті атасына дейінгі туыстарың. Олар кімдер?Біздіңата-бабаларымыз кімдер екенін білу – үлкенге құрмет пен өзіңді танып-білуге көмектеседі.»<br>**Әңгіме:**<br>«Отбасы–біздіжақсыкөретін, қамқор болатын адамдар. Үлкендерді сыйлау – олардың еңбегін бағалау. Ал кішіге ізет көрсету–жақсықарым-қатынас жасау.»<br>Суреттерарқылыталқылау: балаларға үлкендер мен | жүру мен жүгіруді алмастырып, заттардың арасымен «жыланша» төрттағандапеңбектеу<br>**4Қимыл –қозғалыс ойындары.**<br>**5.Қорытындыбөлім.**<br><br>***«Ұлттық ойын - ұлтқазынасы»:«Теңгеалу»***<br><br>**Музыка**<br>**Міндеттері:** Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағыөзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығулардыорындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүру<br>**ҮІӘ барысы.**<br>**Ұйымдастыру.**<br>**Негізгі бөлім.**<br>**Тыңдау:**«Балбырауын» (Құрманғазы)<br>**Әнайту.**«Балдырғандар әні» (Г. Жотаева)<br>**Музыкалықырғақты қозғалыс:**<br>«Марш»(В. Дешевов)<br>**Қорытынды.**<br>**Қазақтілі**<br>**Міндеттері:**Сұраулы сөйлемнің не екенін түсіндіру<br>Дауыстапайтумен тыңдаудағдыларын дамыту<br>Сұраулысөйлемқұрауға үйрету<br>Балалар,бірдеңенібілгіміз келсе не істейміз? Иә, **сұрақ қоямыз**!<br>– Сұрақпен аяқталатын сөйлемді**сұраулысөйлем** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | басталатынсөздіжылдамайтып, допты кері қайтарып береді.<br>***«Қайдыбысқайталанды?» дидактикалықжаттығуы***<br>Асан бақша жақтан<br>Ақсабақтыасқабақәкелді.<br>Басқа жақтан<br>Басқарақасқабақәкелді.<br>– Балаларосыжаңылтпаштақай дыбыс жиі естіліп тұр?<br>– Адыбысы.<br>– Адыбысыдауыстыма, дауыссыз ба?<br>– Дауыстыдыбыс.<br>Адыбысыдауыстыдыбыс,оны әндетіп айтуға болады. Ауыз қуысынан кедергісіз<br>шығады.<br>– Адыбысының дұрыс айтылу артикуляциясы мынадай. А дауысты дыбысын айтқанда ауыз кең ашылып, тіл ауыз қуысындаеркінжатады.Дауыс шымылдығы ашық болады. Осылай **а** дыбысы жасалады.<br>Тағыбіржаңылтпаштыңдаңдар. Аршабек«арша»депшыршаны, Шыршабек «шырша» деп аршаны,<br>Шатастықүлдіріпбаршаны, «Шырша»деп,«арша»деп шаршады.<br>– Бұл жаңылтпашта қай дыбыстарқайталаныптұр?(А, ш).<br>Балалардыңжауабытыңдалады, қажет болса, жаңылтпашты қайталап оқиды.<br>Балалар, өзіміз білетін бір әннің әуенінтек «*а*» дыбысын дыбыстауарқылыайтыпкөрейік.<br>Әнді алдымен тыңдайды.<br>НұрынтөккенмағанШуағымсың сен! Айналайын мама, Қуанышыңмен!Шаттандырған | түрлерінде(құрастыру,сурет салу, мүсіндеу, жапсыру) бейнелеуге үйрету және шығармашылыққабілеттерін дамыту.<br>**Міндеттер:**<br>Құрастыру:<br>Балалардың**құрдастарымен бірлесіп**, адам бейнесін құрастыруға үйрету.<br>Сурет салу:<br>Адам пішінінің**бас,мойын, дене,аяқ-қол**сияқтынегізгі бөліктерін анықтап, **дене пропорцияларын сақтай отырып** бейнелеуге жаттықтыру.<br>Мүсіндеу:<br>Балаларға**пластилиннен**адам бейнесін (басы, денесі, қол-аяғы) **көлемді пішінде мүсіндеуге**үйрету.<br>Жапсыру:<br>Балаларға **геометриялық пішіндерді қиып**, оларды **қағаз бетінде дұрыс орналастыру**арқылыадам бейнесін жапсыруға үйрету.<br>Мұғалім **адам пішіні туралы** қысқашатүсіндіреді:бас,дене, аяқ, қол, бет бөліктері<br>Балалармен бірге дене бөліктерін атап, тақтадағы дайын адам сұлбасына орналастырады<br>Сұрақтарарқылыбелсендіру:<br>– Басқайдаорналасқан?<br>– Қол неүшінкерек?<br>– Адамқалайжүреді?<br>**Шығармашылық тапсырмалар**<br>Балалар өз қалауымен 4 әрекеттің**бірінтаңдайды.** | –Олсабырлы,тыныш дауыспен айтылады.<br>**Мысалдар:**<br>Меналма жедім.<br>Анар балабақшаға келді.<br>Аспанда күн жарқырап тұр.<br>Тақтағасурет іліп қойып, сол бойыншабалалардханхабарлы сөйлем құрату:<br>(мысалы, суретте бала кітап оқыпотыр→«Балакітапоқып отыр.»)<br>«Сөйлем құрастыр» ойыны<br>**Мақсаты:** Көрген суретке қарайхабарлысөйлемқұрау<br>«Дұрыспа,бұрыспа?»ойыны<br>**Мақсаты:** Хабарлы сөйлемдерді дұрыс айтуды үйрену<br>**Барысы:**<br>Мұғалімсөйлемдердіәртүрлі интонациямен оқиды.<br>Балалархабарлысөйлемдұрыс айтылса – «ия» дейді, дұрыс болмаса – «жоқ» дейді.<br>«Не болыпжатыр?»аттысурет<br>**Мақсаты:**<br>Балалар суретті бояғаннан кейін**әркөрініскехабарлы сөйлем құрауы керек.**<br><br>**Денешынықтыру**<br>**Міндеттері:**Бірқолымен(оң және сол қолын алмастыру) қағып алу.<br>**ҰІӘбарысы:**<br>**1.Кіріспебөлім**<br>**2.Жалпыдамыту жаттығулары.**<br>**3.Негізгі кимыл-қозғалыс жаттығулары.**<br>**4Қимыл–қозғалыс ойындары.** | кішілерге қалай қамқорлық жасауғаболатынынкөрсету.<br>Сұрақтар:<br>«Үлкендергеқалайқамқор болуға болады?»<br>«Сенөзіңнінсіңліңенемесе ініңе қалай көмектесесің?»<br>«Жетіатаныбілунеліктен маңызды?»<br>Ойын: «Отбасымызды таны»<br>Тәрбиеші жеті атаның әртүрлі атауларын (ата, әже, арғы ата, т.б.)айтады,балаларқайсыкім екенін айтуға тырысады.<br>Немесе отбасы мүшелерінің суретін көрсетіп, кім екенін жәнеоғанқалайқамқорболу керек екенін айту.<br>**Шығармашылық жұмыс.**<br>**Суретсалу:**«Меніңотбасым және жеті атам»<br><br>***<u>Ұлттықойын:«Тенгеалу»</u>***<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Міндеттері:**Дауысты дыбыстарды дұрыс, ашық айтуғадағдыландыру.**Н**және **Ң** дауыссыз дыбыстарын ажыратып, **дыбыстық ерекшелігін**түсіндіру<br>Түсіндіру:<br>«Н»–тілұшыүстіңгітіске тиіп,ауызарқылышығады<br>«Ң»–тілартытаңдайғатиеді, дыбыс **мұрын арқылы** шығады<br>Тәрбиешіайнаменкөрсетіп түсіндіреді<br>"Нан","ән"—н<br>"Қоңыр", "жаңбыр" — ң<br>**Айнамен жұмыс:**Балалар«Нан»,«Ж аңғақ»,<br>«Нұр»,«Сыңғыр»сөздерін | дейміз.<br>– Сұраулы сөйлемнің соңына**сұрақбелгісі(?)** қойылады.<br>– Ол көбіне **сен не істеп жатырсың?,бұлне?,кім келді?** деген сөздермен басталады.<br>«Сұраққой!»ойыны<br>**Барысы:**<br>Балаларға заттар (ойыншық, қарындаш, кітап, доп) көрсетіледі. Әрбалабірсұраққояды.<br>**Мысал:**<br>– Бұлне?<br>– Бұлдоппа?<br>– Оныменнеістейміз?<br>«Сенсұра,менжауап берейін»<br>**Жұптық жұмыс**<br>Бір бала – **сұраушы**, екіншісі–**жауапберуші**.<br>**Мысал:**<br>– Сенне жедің?<br>– Меналмажедім.<br>«Сөйлемді тап» ойыны<br>Мұғалімсөйлемдер оқиды,балалар**сұраулы сөйлемді** анықтайды.<br>**Мысал:**<br>Мен алма жедім.<br>Сеналмажедіңбе?<br>Кітап сөреде тұр.<br>Бұл кім?<br>**"Суреткесұраққойжәне бояу"**атты бояу парағын беру. Мысалы:<br>Балаларалаңдаойнапжүр →сұрақ:*Оларнеістеп жүр?* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мені, Жұбанышым сен!<br>ҚұттықтаймынсеніТуған күніңмен!<br>Осыәуендіе,адыбыстары арқылы әндетіп көрейік.<br>*Графикалық жұмыс.*<br>*4.Штрихта.*<br>*5.Нүктелердібастыр, жалғастыр.*<br><br>**Музыка**<br>**Міндеттері:**Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауғаүйрету:маршсипатын анық ырғақты жүру<br>**Ұйымдастыру.**<br>**Жұмбақжасыру.**<br>**Негізгі бөлім.**<br>**Әнтыңдау.**<br>**Тыңдау:**«Аққөгершін».<br>(Қ.алұатаев, Е.Баят)<br>**3.Әнайту**<br>«Бізбақыттыбаламыз»<br>(Ә.Қонысбеков<br>**4Әуендіқимыл-қозғалыс**<br>**5.Қорытынды** | ***Ұлттықойын:«Тенгеалу»***<br><br>**Денешынықтыру**<br>**Міндеттері:**Жүруменжүгіруді алмастырып, заттардың арасымен «жыланша» төрттағандапеңбектеуге үйрету.<br>**ҰІӘбарысы:**<br>**1. Кіріспебөлім**<br>**2. Жалпыдамыту жаттығулары.**<br>**3. Негізгі кимыл-қозғалыс жаттығулары.**<br>жүруменжүгірудіалмастырып, заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектеу<br>**4Қимыл–қозғалыс ойындары.**<br>**5.Қорытындыбөлім.** | **5.Қорытындыбөлім.** | айтады<br>Айнадантілменеріннің қимылын бақылайды.<br>**Ойын: «Ойлан,тап»**<br>Жұмбақтар шешу:<br>1. Нандабар,майдажоқ<br>Ұнда бар,айда жоқ./н/<br>2. Шаңдабар,гүлдежоқ<br>Аңда бар, сайда жоқ.<br>-Балалар, бүгінгі іс-әрекетімізге Н және ң дыбыстарықонаққакелді.<br>**Жаңылтпаш.**<br>1. Тоң-ң-ң-дымдептонкидім,<br>Тонымды оң-ң-ң кидім.<br>Суретпен жұмыс<br>Суреттер көрсетіледі: Нан, Жаңғақ,Саңырауқұлақ,Ана, Аң<br>Балаларәрсуреттегісөзді айтып, **н** мен **ң** дыбысын табады<br>**Графикалық жұмыс.** | |
| **ЕҚБҚ** | «Маса»ойыны<br>Суреттегімасаны көрсетеміз,мынау «Захар»деген маса,олЗ-з-здепызыңдайды,сұқ саусақпен бас бармақты түйістіріп,айналдырыпЗ-з-з дейміз.<br>Енді масаны ұстап аламыз,қолымызды жұырыққа түйіп,құлағымызғатосамызЗ-з-з,естідіңбе?Қанеенді сенұстап ал | Ойын:Құлыншақ<br>Мақсаты:«И»дыбысынанық айтуға үйрету.<br>Ойын шарты: Тәрбиеші ойыншықаттыкөрсетіп,оның «и-и-и»деп дыбысшығаратынын түсіндіредіжәнебалаға2-3рет қайталапайтқызады.<br>Баптайын ылғи, бағайын,<br>Арқаннан сипап қағайын,<br>Бәйгеге мініп шабайын,<br>Тұлпарбопөсшіқұлыным! | Ойын.Сағат тықылдайды<br>Мақсаты:Дыбыстардыайтуды, дыбыстау аппаратын дамыту. Дыбыстардыңайтылуын бекіту. Біркелкі сөз қарқынын, сөздерді жылдам жәнебаяу,қаттыжәнежай айтуды шынықтыру.<br>Ойыншарты:Тәрбиешібалаға сағаттарды көрсетіп, айтады: «Бұл–сағаттар.Оларжүргенкезде «тк-тк,тк-тк»дептықылдайды. Сағаттар қалай тықылдайды?<br>.Үлкенсағаттаржүргенкезде «тк-тк»депқаттыжәнебаяу,ал | Төмендегіңдыбысыкездесетін буындар мен сөздерді дұрыс айтқанға дейін қайтала. Өзіңе таныс әуенге салып айтуға болады. аң – даң – жаң – заң – ұң–қаң–лаң–маң–оң–паң– раң – саң–таң–шаң–ең– бең – жең–зең–кең–лең–мең– пең–рең–сең–тең– шең– мың – тың. | «Меніменқайтала»<br>Ғ,Қәріптерінекөңілбөлу<br>Ға – ға – ға,<br>Талбасындақарға.<br>Ғаш – ғаш – ғаш,<br>Ұясалдықарлығаш.<br>Бұл – бұл – бұл,<br>Сайрайды бұлбұл.<br>Қан – қан – қан,Алақанатсауысқан. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | кішісағаттар«тк-тк»депжай және жылдамтықылдайды | | | |
| Серуенгедайындық | Балалардыңдербесқимылбелсенділігіүшінжағдайжасау,ойынқұрал-жабдықтадыдұрыспайдаланутуралыәңгімелесу. Балалардыретіменкиіндіру(ауа-райы жағдайынабайланысты),дұрыскиінуді бақылау. Кимшкафтарынтаза ұстаужәнежинауды қалыптастыру(**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | | |
| Серуен | Картотека№4 | Картотека№5 | Картотека№9 | Картотека№8 | Картотека№7 | |
| Серуенненоралу | Топқаоралукезіндежылдамқатарғатұрудыдағдыландыру.Асықпайбір-бірінитермейжүрудіүйрету.Топтакиетінаяқкиімдерінөзбетіншеауыстырып,киюін қалыптастыру. | | | | | |
| Балаларменжеке жұмыс | **Әмірменжекежұмыс: «Сиқырлы сөздер әлемі»** **Мақсаты:**сөйлегенде сөйлемдердің түрлерін (жай және күрделі), сын есімдерді, етістіктерді, үстеулерді, қосымшалардықолданудыүйрету. | **Естемірмен жеке жұмыс:** Сызықтардың,арқан ның,тақтайдың,гимнастикалық скамей каның,бөрененің бойы мен тепе-тең дікті сақтап, жүруді үйрету. | **Хакназарменжеке жұмыс: Ойын:«Әңгімеле» Мақсаты:**Бейнелегенсу реттер /Күз тақырыбы/ бойынша әңгі мелер құрасты ра алуға үйрету. | **Исламмен жеке жұмыс:** Спорттықойындардың ережелерінсақтауғаүйрету. | **Даринамен жеке жұмыс: .** Ересектің белгісімен тоқтап, қозғалыс бағытын өзгертіп, заттардыңарасымен,жіптерден аттап жүруді үйрету | |
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)** | **Ойынныңатауы:***«Су түсін өзгертеді»* **Мақсаты:**Балаларғасудыңбасқа заттармен араласқанда өзгеріске ұшырайтынынтүсіндіру, байқағыштығын дамыту. **Шарты:**Тәрбиешіүшшыны ыдысқа су құяды. 1-іне–бояутамызады, 2-ісіне–қантсалады, 3-ісіне–ұнтақ(топырақнемесеұн) қосады.Балалар судың түсі мен мөлдірлігінің қалай өзгергенін бақылайды. **Қорытынды:** Су таза болса – мөлдір, ал басқа заттарменараласқанда–түсімен қасиеті өзгереді. **Экспереминталдықіс-әрекет** | "Таңдадұрыс!"(тағамды үнемдеуойыны) **Мақсаты:** Тамақты тастамау, артықалмаумәдениетінүйрету. **Ойын барысы:**Балаларға суреттер көрсетіледі. «Қайбаланыңтамақжеу мәдениеті жақсы?» деп сұралады. Балалартүсіндіріпайтады: «Артықалмаған»,«Тамақты тастамаған» т.б. **Тамақты үнемді тұтыну.** | **Вариативтік бөлім: «Ойналайық та, ойлайық». Тақырыбы: «Менің мектебім». Мақсаты:**Мектеп өмірі туралы сөйлеу. **Мазмұны:**Мектеп өмірі, тәрбиешілер мен сынып достары жайлы әңгіме құрастырады. «Біздің сынып», «Кім не істейді?» ойындары арқылы мектепке деген сүйіспеншілік қалыптасады. | Жануарлардыңкүзгі тіршілігіне қандай жағдайлар жасау керектігі туралы әңгімелесу. **(коммуникативтік)**Құмнан қоралар жасау. **(шығармашылық) Экологиялық тәрбие.** | **«Энергиянызұрыс пайдалану»ойыны** *Мақсаты:* Балаларға электр энергиясынқалайдұрысжәне үнемді пайдалану керектігін үйрету. **Энергияны үнемді тұтыну** | |
| **Балалардыңүйге қайтуы.** | **"Еңбек – қуаныш көзі"** Балаңызбенбіргекүнделікті қарапайым еңбек түрлерін талқылаңыз(үйжинау,гүлсуару, | «Өнегелі15 минут» **"Кішкентайкөмектер"** Балаңызға үй ішінде жасай алатынкішкентайкөмектерді | «Өнегелі15 минут» **"Жануарларәлемі"** Қалдықзаттардан(жіп, қағаз,бөтелкеқақпағы) | «Өнегелі 15 минут» **"Эко-қала"**Балаңызбенбіргеқ орап, түтікше,бөтелкесияқты | «Өнегелі15 минут» **"Жаңаөмір сыйла"** Пайдаланылмайжатқанзатты | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ыдысжуу).<br>Балаөзіұнататынбірістітаңдап, оны 15 минут бойы ынтамен орындасын.<br>Соңында оның еңбегін мақтап, еңбекетуарқылықуаныштабуға болатынынтүсіндіріңіз. | атап шығыңыз (мысалы, ыдыс жуу, бөлмені жинау, киімдерін жинау).Солтізімдібіргежасап, күн сайын біреуін орындауға үгіттеңіз. Бұл баланың жауапкершілігінарттырады. | жануар бейнесін жасаңыз. Баладанолжануардыңаты мен өмір сүретін ортасы туралы айтып беруін сұраңыз. | заттардан кішкентай "экологиялық қалашық" құрастырыңыз. Қаланы таза ұстаужолдарынталқылаңыз. | (мысалы, ескі кружка немесе банка)сәндеп,қаламсапсалғыш немесе гүл құтысына айналдырыңыз. Қайта қолдану пайдасынтүсіндіріңіз. |

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**
**Топ/ сынып - мектепалды 0 «А» сыныбы Балалардын жасы- 5 жас**
**Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету) – 29-03 қазан 2025 ж.** **Құндылықтар: Тәуелсіздік және отаншылдық айы**

Бекітемін 29.10.25ж

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен карсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту **(сөйлеуді дамыту).** **«Күй күмбірі»** -балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, кадірлей білуді калыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру. **«Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| | «Қайда жүр?»<br>**Мақсаты:** бағытты түсіну, зейін дамыту<br>**Өтуі:**<br>Балалар шеңберде тұрады.<br>Тәрбиеші: «Аружан, оң жаққа жүр!» — дейді.<br>Балалар бағытқа қарай жылжиды.<br>Ойын шеңберде немесе кең орындарда өткізіледі. | «Мүше атауы»<br>**Мақсаты:** дене мүшелерін тану, қимыл-қозғалысты дамыту<br>**Өтуі:**<br>Тәрбиеші «Қолыңызды көрсетіңіз», «Тұрыңыз», «Басыңызды сипаңыз» деген тапсырмалар береді.<br>Балалар жылдам орындайды.<br>Қызықты әрі физикалық белсенділікке арналған. | «Танысу шаршысы»<br>**Мақсаты:** өзара танысу, топта жұмыс жасау<br>**Өтуі:**<br>Балалар үлкен шаршыға тұрады.<br>Әр бала өз есімін және бір сүйікті нәрсесін айтады (мысалы, «Мен – Ерасыл, мен доп ойнағанды жақсы көремін»).<br>Барлығы қайталайды. | «Қызықты доп»<br>**Мақсаты:** зейін және сөйлеу дамыту<br>**Өтуі:**<br>Доппен шеңберде отырады.<br>Допты бір-біріне лақтырады, допты алған бала өз аты мен жақсы көретін бір нәрсесін айтады.<br>Осылайша балалар бір-бірімен танысады. | «Сиқырлы айна»<br>**Мақсаты:** қимылды дәл қайталау, көңіл-күйді көтеру<br>**Өтуі:**<br>Бір бала «айна» болады, біреуі – «адам».<br>«Адам» қандай қимыл жасаса, «айна» соны дәл қайталайды.<br>Кейін рөлдер ауысады.<br>**Топпен де, жұппен де ойнатылады.** |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | **Апта дәйекі сөзі:** «Отан – отбасынан басталады.» **«Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| | Ата-аналарға **«Жасыл мектеп»** экологиялық жобасының басталатыны туралы хабарлау және жобаның маңыздылығын түсіндіру.<br>**«Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасы** | **Тақырып:** «Табиғатты құрметтеу – баланың рухани тәрбиесі»<br>**Кеңес:**Балаларыңызға табиғат ты қорғаудың маңызын түсін діріп, бірге қарапайым экология лық әдеттерді (қоқысты сұрып тау, суды үнемдеу) үйретіңіз.<br>**«Жасыл мектеп»** экологиялық жобасы **«Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасы** | **Тақырып:** «Жасыл мектеп – таза табиғат»<br>**Кеңес:**Балаларыңызға табиғатты жақсы көруді және қорғауды үйретіңіз.<br>**«Жасыл мектеп»** экологиялық жобасы<br>**«Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасы** | Тақырып: «Отанға деген сүйіспеншілікті қалай қалыптастыруға болады?»<br>**Кеңес:** Табиғатқа саяхат жасаңыз, туған жердің сұлулығын көрсете отырып, қорғауға үйретіңіз.<br>**«Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасы** | Тақырып: «Отаншылдықты шығармашылық арқылы дамыту»<br>**Кеңес:** Қазақстан туралы сурет салу, өлең шығару, ертегі жазу секілді шығармашылық жұмыстармен айналысыңыз.<br>**«Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасы** |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті,** | **Қазақстан Республикасының Әнұранын орындауы**<br>«Менің Қазақстаным» тақырыбында кітаптар қарау.<br>**«Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасы** | Ойын: «Ақша мен мақсат»<br>**Мақсаты:** Балаларға мақсатқа қарай үнемдеуді үйрету.<br>**Қаржылық сауаттылықты қалыптастыру.** | Ойын: «Жағдайды таңдау»<br>**Мақсаты:** Балаларға құқықтық жағдайларды түсіндіру және дұрыс шешім қабылдауды үйрету.**Құқықтық сауаттылықты қалыптастыру** | **Ойын:**«Табиғат қорғаушысы».<br>**Мақсаты:**Балаларға таби ғатқа зиянды және пайдалы заттарды ажыратуды үйрету.**Шарты:**Суреттерде н зиянды және пайдалы заттарды бөліп беру. | Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау)<br>**«Жасыл мектеп»** экологиялық жобасы<br>**Экологиялық тәрбие** |

| **Күнтәртібініңүлгісі** | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балалардыкөтеріңкікөңіл-күйменқарсылау. Балаларүшінжайлыжағдайжасау. Баланыңбүгінгі көңілкүйі, онынеқызықтыратынытуралысұрау, баланыжеке пікірін білдіруге тарту**(сөйлеуді дамыту).**<br>**«Күйкүмбірі»**-балалардыңбойындамузыканытыңдауғақызығушылықтарын,музыканыэмоционады қабылдауды, түсінуді,қадірлейбілуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру. «**Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| | «Қайдажүр?»<br>**Мақсаты:**бағыттытүсіну,зейін дамыту<br>**Өтуі:**<br>Балалар шеңберде тұрады.<br>Тәрбиеші:«Аружан,оңжаққа жүр!» — дейді.<br>Балаларбағытқақарай жылжиды.<br>Ойыншеңберденемесекең орындарда өткізіледі. | «Мүшеатауы»<br>**Мақсаты:**денемүшелерін тану, қимыл-қозғалысты дамыту<br>**Өтуі:**<br>Тәрбиеші «Қолыңызды көрсетіңіз», «Тұрыңыз», «Басыңыздысипаңыз»деген тапсырмалар береді.<br>Балаларжылдаморындайды.<br>Қызықты әрі физикалық белсенділікке арналған. | «Танысушаршысы»<br>**Мақсаты:**өзаратанысу,топта жұмысжасау<br>**Өтуі:**<br>Балаларүлкеншаршыға тұрады.<br>Әр бала өз есімін және бір сүйікті нәрсесін айтады (мысалы,«Мен–Ерасыл,мен доп ойнағанды жақсы көремін»).<br>Барлығықайталайды. | «Қызықты доп»<br>**Мақсаты:**зейінжәне сөйлеудамыту<br>**Өтуі:**<br>Доппен шеңберде отырады.<br>Доптыбір-бірінелақтырады, допты алған балаөз аты мен жақсы көретін бір нәрсесін айтады.<br>Осылайшабалаларбір-біріментанысады. | «Сиқырлы айна»<br>**Мақсаты:** қимылды дәл қайталау,көңіл-күйдікөтеру<br>**Өтуі:**<br>Бірбала«айна»болады,біреуі – «адам».<br>«Адам»қандай қимыл жасаса, «айна»соныдәлқайталайды.<br>Кейін рөлдер ауысады.<br>**Топпенде,жұппенде ойнатылады.** |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | **Аптадәйексөзі:**«Отан– отбасынанбасталады.»**«Адалазамат»Біртұтастәрбиебағдарламасы** | | | | |
| | Ата-аналарға**«Жасылмектеп»** экологиялық жобасының басталатыны туралы хабарлау және жобаның маңыздылығын түсіндіру.<br>**«Адалазамат»Біртұтастәрбие бағдарламасы** | **Тақырып:** «Табиғатты құрметтеу–баланыңрухани тәрбиесі»<br>**Кеңес:**Балаларыңызға табиғат ты қорғаудың маңызын түсін діріп,біргеқарапайымэкология лық әдеттерді (қоқысты сұрып тау, суды үнемдеу) үйретіңіз.<br>**«Жасыл мектеп»** экологиялық жобасы**«Адал азамат» Біртұтастәрбиебағдарламасы** | **Тақырып:**«Жасылмектеп – таза табиғат»<br>**Кеңес:**Балаларыңызға табиғатты жақсы көруді жәнеқорғаудыүйретіңіз.<br>**«Жасылмектеп»** экологиялықжобасы<br>**«Адалазамат»Біртұтас тәрбие бағдарламасы** | Тақырып: «Отанға деген сүйіспеншілікті қалай қалыптастыруға болады?»<br>**Кеңес:**Табиғатқа саяхат жасаңыз, туған жердің сұлулығын көрсетеотырып,қорғауғаүй ретіңіз.<br>**«Адалазамат»Біртұтас тәрбие бағдарламасы** | Тақырып:«Отаншылдықты шығармашылықарқылы дамыту»<br>**Кеңес:**Қазақстантуралысурет салу,өлеңшығару,ертегіжазу секілді шығармашылық жұмыстарменайналысыңыз.<br>**«Адалазамат»Біртұтас тәрбие бағдарламасы** |
| **Балалардыңдербес іс-әрекеті (қимылдық,ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар),бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалары)** | **ҚазақстанРеспубликасының Әнұранын орындауы**<br>«Менің Қазақстаным» тақырыбындакітаптарқарау.<br>**«Адалазамат»Біртұтастәрбие бағдарламасы** | Ойын: «Ақша мен мақсат»<br>**Мақсаты:**Балаларғамақсатқа қарай үнемдеуді үйрету.<br>**Қаржылықсауаттылықты қалыптастыру.** | Ойын:«Жағдайдытаңдау»<br>**Мақсаты:** Балаларға құқықтық жағдайларды түсіндіру және дұрыс шешімқабылдауды үйрету.**Құқықтық сауаттылықты қалыптастыру** | **Ойын:**«Табиғат қорғаушысы**».**<br>**Мақсаты:**Балаларға таби ғатқазияндыжәнепайдалы заттарды ажыратуды үйрету.**Шарты:**Суреттерде н зиянды және пайдалы заттарды бөліп беру.<br>**«Жасылмектеп»** экологиялықжобасы<br>**«Адалазамат»Біртұтас** | Табиғатбұрышындағыеңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау)<br>**«Жасылмектеп»**экологиялық жобасы<br>**Экологиялықтәрбие** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **тәрбиебағдарламасы** | |
| Таңертеңгілік жаттығу | Картотека№17-21 | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық(бұданәрі – ҰІӘ)** | ҰІӘтақырыбынасай | ҰІӘтақырыбынасай | ҰІӘтақырыбынасай | ҰІӘтақырыбынасай | ҰІӘтақырыбынасай |
| **КестегесәйкесҰІӘ** | **Математика негіздері**<br>**Міндеттері:**Балаларды**6 саны және цифрымен** таныстырудыжалғастыру, оны заттармен сәйкестендіру, сан қатарындағы орнын анықтау,заттардысанап,6 санынадейінгіреттікжәне сандық санауға үйрету.<br>1–5 сандарынсанау<br>– Карталар,заттарарқылы5 санына дейінгі **реттік және сандық** санау<br>– Сұрақтар:«3дегенімізнеше зат?»<br>«4қайжердетұрады?»<br>«5-тен кейін қандай сан келеді?»6санынкөрсету<br>– Көрнекілік:алтыалма,алты шар, алты текше<br>– 6санықайсаннанкейін,қай саннан бұрын?<br>**Тапсырмалар:**<br>Заттардысана(6қарындаш,6 геометриялық пішін т.б.)<br>«Артықтытап»—5,6,3саны көрсетілгенкарточкалар<br>Цифрлар қатарынан 6-ны тап<br>Дәптерге 6 цифрын жазу (нүктелі сызықпен)<br>**Графикалық жұмыс.**<br>**Көркемәдебиет**<br>**Міндеттері:**Балаларды «Арыстан мен Тышқан» мысалыарқылыжануарлар | **Қоршағанәлеммментанысу**<br>**Міндеттері:**Балалардыңзат туралытүсінігінкеңейтіп,оларды түсі, пішіні, көлемі жәнежасалған материалы бойынша сипаттай білуге және бейтаныс заттардың қолданылу мақсатын түсінуге үйрету.<br>Тәрбиешіүстелгеәртүрлі**затты** (мысалы: **қалам, қаламсап, тіс щеткасы, сағат, линейка, т.б.)** қояды.<br>– Әрзаттуралысұраққояды:Бұл не?Қандай түсті?<br>Қайдан жасалған?<br>Қайдақолданылады?<br>Тәрбиеші**бейтаныс/сирек кездесетін зат** көрсетеді (мысалы,**термометр,телескоп)**<br>– Балаларғасипаттау тапсырмасы:<br>**Неүшінкерек?**<br>**Қайда қолданылады?** ●Бұл – **термометр**.<br>Адамның**денеқызуынөлшеу** үшін қолданылады.<br>**Шыныдан**немесе**пластиктен** жасалады.<br>Оныңішінде**сұйықтық**немесе **сандыққкөрсеткіші**болады.<br>Ұзынша,**таяқшатәрізді пішінді.**<br>Түсі:мөлдір,сұр,кейдеақ немесе көк түсті.<br>Телескоп<br>Бұл – **телескоп**.<br>**Аспандағыжұлдыздармен** | **Математика негіздері**<br>**Міндеттері:** 6 санына дейінгі заттарды санауға және берілген заттардың санынтолықтыруғаүйрету.<br>Балалар,біз6санынадейін санай аламыз ба?<br>– Қазір сендермен бірге заттардысанап,жетпейтінін тауып көреміз!<br>1-тапсырма:СанауТәрбиеші әртүрлізаттардың суретін көрсетеді (мысалы: 4 көлік)<br>– Сұрақ:<br>– Қаншакөлікбар?<br>– 6болуүшіннешеуі жетіспейді?<br>Балалар жетіспейтінін ауызшаайтады(2көлік), содан кейін сурет салып **толықтырады.**<br>2-тапсырма:Бояужәне сәйкестендіру<br>– 5жұлдызша берілген.<br>– Сұрақ:пирамидаданеше сақина бояу керек?<br>– Балалар5сақинаны бояйды.<br>– Содан кейін тағы 1 жұлдызшасалып,**жалпы санын 6-ға дейін толықтырады.**<br>• 6 санына дейін жетіспейтінзаттарды толықтыру<br>• Сәйкессуреттермен | Көркемәдебиет<br>Міндеттері:**Ертегімазмұнын терең түсіндіру арқылы балаларды өз ойын айтуға, қорытынды жасай білуге жәнерөлдіксахналауарқылы еркін сөйлеуге, шығармашылыққа үйрету.**<br>ҰІӘ барысы..<br>**Жұмбақ айту.**<br>Айбарлы түсі бар,<br>Қанжардайсұсыбар.<br>Күжірейгенжалды<br>Білсеңайтбұланды?<br><br>Аттаемес,иттеемес,<br>Тістейтінінкайтерсің.<br>«Суретті құрастыр» ойыны<br>Шарты:Бірнеше бөлікке бөлінгенсуреттіқұрастырады.<br><br>Дид.ойын: «Айтып бер».<br>Шарты:Балаларсуретарқылы «Арыстанментышқанертегісін еске түсіреді.»<br>Ертегінісахналау.<br>**Сауаташу**<br><br>**Міндеттері:**Суреттендауыссыз дыбыстар-дан басталатын сурет-терді таба білу қабі-леттеріндамыту.<br>**«Сұрақ-жауап»әдісі арқылы** | **Математика негіздері**<br>**Міндеттері:** 6 саны көлеміндезаттардысанау, берілген сандарға сәйкес бояу,сәйкестендіруарқылы балалардың логикалық ойлауын дамыту.<br><br>Балалар,сендернеше саусақтарыңдысанай аласыңдар?<br>– Ал біз бүгін **6 саны көлеміндe**санап,суреттерді бояп көреміз!<br>1-тапсырма:Санажәнебоя (Сурет: шарлар, қаламдар, гүлдер)<br>– Балаларсуреттегі заттарды санайды<br>– Егер4шарболса,**тағы2 салады**<br>– Сұрақ:<br>– «6болуүшіннешешар жетпейді?»<br>– «Ендісуретіңденешешар бар?»<br>– «Сенонықайтүспен бояддың?»<br>2-тапсырма:Сәйкестендір<br>– Балаларғасанкарточкасы (1–6) және заттар беріледі:<br>– 3гүл–нешеужетіспейді?<br>– 5қалам–толықтыру қажет пе?<br>– Балалар**дұрыссанмен затты сәйкестендіреді**<br>Практикалық жұмыс |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бейнесі арқылы берілетін тәрбиелік мәнге назар аудартып,сөйлеу,тыңдау, рөлге ену және кітапқа қызығушылығын дамыту.<br>**Ой қозғау:**Қалай ойлайсыңдар,арыстанмен тышқан дос бола ала ма?<br>**Мысалды оқу.**<br><br>**Сұрақ-жауапойыны:●**<br>Арыстанқандайаң?<br>Тышқанқандай?<br>Неліктенарыстантышқанды босатты?<br>Тышқанқалайкөмектесті? Бұл мысалдан қандай ой түйдік?<br>**РөлгебөліпойнауБоямақпен жұмыс.**<br><br><br>***<u>«Ұлттық ойын - ұлтқазынасы»:«Бестем ше»</u>***<br><br>**Сауаташу**<br>**Міндеттері:** «Сөздің бірінші дыбысын анықтап, оны дауысты немесе дауыссыз екенінажыратабілугеүйрету.»<br><br>Суретпенжұмыс<br>Мұғалімсуреттеркөрсетеді (мысалы:алма, балық, күн, ұшақ, сәбіз)<br>Балалар:<br>Суреттіатайды<br>Біріншідыбыстыанықтайды<br>Ол дыбыстың дауысты не дауыссыз екенін айтады<br>**≪*Қайтала*≫***(доппен)* | **ғаламшарлардыжақындатып көрсету** үшін қолданылады.<br>**Металлдан**немесе**пластиктен** жасалады.<br>Ұзын, **цилиндр пішінді** құрал. Әдетте**қаранемесекүмістүсті** болады.<br>Телескопарқылыалыстағы нәрсені көруге болады.<br>**Сөйлеудідамыту**<br>**Міндеттері** Дауысты және айтылуыұқсасдауыссыз**р**мен**л** дыбыстарын дұрыс, анықайтуға үйрету.<br>**Артикуляциялықжаттығулар:**<br>«Р-р-р»–жолбарыссияқты ырылдау<br>«Л-л-л»–тілдіңұшынжоғары таңдайға тигізу<br>–Суретпенсөздерді айту:<br>**раушан**,**лимон**<br>**Дидойыны**«Буыннансөзқұра»<br>Ла-ла-ла /гүл суреті/<br>Ыла-ыла-ыла/жылансуреті/<br>Ол-ол-ол/Қол суреті/<br>Ра-ра-ра/Радиосуреті/<br>Ара-ара-ара /тарақ/<br>Ар-ар-ар/Шалбар/<br>**Ертегіменоқу:**«Қорыққанғақос көрінеді».<br>**Ойын:«Жауапбер»\Доп арқылы\ Сұрақ-жауап**<br>**Д.ойын:**«Белгілібірдыбысқасөз таңда**».**<br><br>***<u>«Ұлттық ойын - ұлтқазынасы»:«Бестем ше»</u>***<br><br>**Шығармашылық іс- әрекет**<br>**Мақсат:** Балаларды қазақ халқының ұлттық бас киімі — тақия туралы түсінігін кеңейте отырып,өзқалауынасайәртүрлі көркем іс-әрекет түрлерінде | жұмыс:<br>– «4алма–тағынешеуқосу керек?»<br>– «3гүлболса,6болуүшін қанша керек?»<br>– «6санынадейінгі сандарды ата»<br>**Сауат ашу**<br>**Міндеттері:**Дауыстыжәне дауыссыз дыбыстарды бір-бірінен ажырата білуге дағдыландыру.<br>**«Сұрақ-жауап»ойыны.**<br>***«Кім көп сөз айтады» дидактикалықойыны***<br>**Шарты:**Дауыстыдыбыстан басталатын сөздерді айту.<br>***«Дыбыс бер» дидактикалықойыны***<br>– Мен сендерге сөздер айтамын, сол сөздердің ішіндедауыссыздыбыстар кездессе, алақандарыңдысоғып шапалақтаңдар.<br>– Үй,алма,анар,тат,оқ,ру, бау, сағат, арқан, тарақ, жаңғақ, нан, доп, тор, ми, сый, тый,аң, оң, шаш, тас, ата, әже, тәте, пысық, тышқан, ат т.б.<br>**≪Тиістітүстікөрсет≫ дидактикалықойыны.**<br>Педагога,б,у,о,и,с,п,р,л, д,ф, ждыбыстарынайтады. Балалар тиісті түсті көтереді,егер дыбыс дауысты болса – қызыл, ал дыбыс дауыссыз болса, көк фишканы көтеру керек.<br>**Графикалықжұмыс.**<br>**Штрихта.**<br>***<u>«Ұлттық ойын - ұлтқазынасы»:«Бестем ше»</u>*** | **қайталау.**<br>***«Дыбысбер»дидактикалық жаттығуы***<br>– Мен сендерге сөздер айтамын, дауыссыз дыбыстан басталғансөздіестісеңдер,қол шапалақтайсыңдар.<br>**Сергіту сәті**<br>**Д.ойын:**«Дауыссыздыбыстар**».**<br>**Шарты:** Суреттен дауыссыз дыбыстар-дан басталатын сурет-терді таба білу *(графикалық жұмыс)*<br><br>***<u>«Ұлттық ойын - ұлтқазынасы»:«Бестем ше»</u>***<br><br>**Қоршаған әлеммен танысу**<br>Міндеттері:Балалардыңзаттар дың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтап, салыстырып талдай білу дағдыларын дамыту.<br>Педагог: Бізді не қоршап тұр?<br>(Балалардың жауабы: үстел, орындық,ойыншықтар,жарық, кітап, т.б.)<br>Ойын: "Тап, сипатта!"**Мақсаты:**Балалартан ысзатты сипаттап, атын айтпайды.<br>Басқаларыонытабады.<br>– Бұл зат дөңгелек, әйнектен жасалған,шайішугеарналған.<br>– (Жауап:Кесе)<br>"Не артық?"<br>Мақсаты:<br>Балалардың**заттарды салыстыру,ұқсастығынжәне айырмашылығын** ажырата білуін дамыту<br>**Материалын,пішінін, қызметін**түсіндіреотырып, сөйлеу қабілетін жетілдіру<br>**Сөйлеудідамыту**<br>Міндеттері:Тұрмыстақолда | **Жұмыс парағы:**<br>6санынадейінгіәртүрлі заттарды боя (мысалы, жалаушалар)<br>Қанша зат жетпейді – суретінсалыптолықтыр<br>**Денетәрбиесі**<br>**Міндеттері:** Шашырап, жұппен,қатарменбір-бірден тізені жоғары көтеріп жүгіру. Кеуде тұсынан екі қолымен допты бір-біріне лақтыра алуға үйрету.<br>**ҰІӘбарысы:**<br>**1. Кіріспебөлім**<br>**2. Жалпыдамыту жаттығулары.**<br>**3. Негізгікимыл-қозғалыс жаттығулары.**<br>**4Қимыл–қозғалыс ойындары.**<br>**5.Қорытындыбөлім.**<br><br>***<u>«Ұлттық ойын - ұлтқазынасы»:«Бестем ше»</u>***<br><br>**Музыка**<br>**Міндеттері:**Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту.<br><br>Ойын:«Кімшапшаң?».<br>Тыңдау: «Саржайлау» (Тәттімбет).<br>Әнайту.«Күзгіәуен»(А. Досмағанбет).<br>Музыкалықырғақты қозғалыс.<br><br>**Қазақ тілі**<br>**Міндеттері:** Алашажәне сырмақбұйыматауларын меңгерту<br>Шағынөлең жаттауарқылы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***дидактикалықойыны***<br>– Балалар,менсендергедопты лақтырып, бірінші дыбысты айқынырақ айтып, сөздер айтамын, ал сендер сол айқынырақ айтқан дыбысты дәл мен сияқты бәрімізге естілетіндейетіпқайталап, допты кері лақтырасыңдар.<br>– Балалар осы дыбыстарды айтқанда не байқадыңдар? Дыбыстардыайтуоңайболды ма?–Ауызданшығатынауаға кедергілер жасалады екен.<br>– Алолкедергілернелер? (Ерін, тіл, тіс т.б.)<br>**Графикалық жұмыс**.<br><br>**Музыка**<br>**Міндеттері:** Музыкалық шығармағакөзқарасынбілдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту.**ҮІӘбарысы.**<br>**Ұйымдастыру.**<br>**Негізгі бөлім.**<br>**Тыңдау:**«Балбырауын» (Құрманғазы)<br>**Әнайту.**«Балдырғандарәні» (Г. Жотаева)<br>**Музыкалықырғақты қозғалыс:**<br>«Марш»(В. Дешевов) | (құрастыру, сурет, мүсіндеу, жапсыру)жұмысжасауғаүйрету және шығармашылық қабілеттерін дамыту.1.<br>**ҚұрастыруМіндеті:**<br>Балаларға тақия мен ұлттық ыдыстардың қарапайым пішіндерінқұрастыруарқылы заттардың құрылымын және бөліктерінбіріктірудағдысын қалыптастыру.<br>Сурет**Міндеті:** Балаларға парақта кеңістікті дұрыс пайдаланып,тақиябейнесін орналастыра отырып, бояу арқылы ұлттық бас киімді суреттеуге үйрету.<br>Мүсіндеу.**Міндеті:**<br>– Балалардытүрліқалыптағы тақияны мүсіндеуге, пластилиннің бетін дымқыл шүберекпен тегістеуге және кескіш құралмен бөлшектер жасауға машықтандыру.<br>Жапсыру.**Міндеті:**Балаларға қайшыны қауіпсіз пайдалана отырып, әртүрлі геометриялық пішіндерден (жолақ, шаршы, үшбұрыш) қажетті формалар қиып алып, оларды құрастырып, тақия бейнесінжасауғажаттықтыру.<br>**Тәрбиешіәңгімелейді :** Тақия – қазақтың ұлттық бас киімі Оныербалалар,кейдеқыздарда киген<br>Тақиятүрліою-өрнекпен безендірілген<br>Киізден,матадантігілген**Сұрақ-жауап:**<br>– Тақияныкімкиеді?<br>– Қандайпішінді болады?<br>– Қайжерлеріноюмен әшекейлеуге болады? | **Қазақ тілі**<br>**Міндеттері:**Лепті сөйлемнің ерекшелігін түсініп, оны интонация арқылы басқа сөйлем түрлеріненажыратабілуге үйрету.<br><br>Балалар, «қуаныш, таңғалу, ренжусекілдісезімдісөзбен қалай білдіреміз?»<br>– Интонацияныым-ишара арқылы көрсету(қуанған, ашуланған т.б.)<br>Мысал келтіру:<br>Тәрбиеші үш сөйлемді дауыстап, түрлі интонациямен оқиды:<br>Бұл – кітап. *(Хабарлы)*<br>Бұл кітап па? *(Сұраулы)*<br>Қарашы,қандайкеремет кітап!*(Лепті)*<br>Балалардан сұрау:<br>– Қайсысындабірнәрсеге таңғалдық?<br>– Қайсысындажайайттық?<br>– Қайсысындасұрақ қойдық?<br>Түсіндіру:<br>**Лепті сөйлем** –таңғалу, қуану, ренжу, риза болу сияқты**сезімдібілдіреді**.<br>Соңында **леп белгісі (!)** қойылады.<br>**Дауыспенәсерліайтылуы (интонация)** маңызды.<br>3. Интонацияны ажырату<br>Тәрбиеші сөйлемдерді оқиды, балалар сөйлем түрін анықтайды (қол шапалақтау,белгікөрсету арқылы):<br>– Менмектепке бардым. *(Хабарлы)*<br>– Сенмектепкебарасыңба? | нылатын заттардың атауын меңгерту. Сөйлеу барысында затесімдердідұрысқолдануға дағдыландыру.<br>Тапсырма:«Неқайдатұрады?» – Мұғалім заттарды атайды, балалар олар қайдатұратынын айтады:<br>– **Кесе** қайдатұрады?– Асханада<br>– **Кілем**қайдатөселеді?– Еденде<br>– **Шәйнекпен**неістейміз?– Шай қайнатамыз<br>—<br>Балаларсөйлемқұрапайта ды:<br>«Шәйнектешайбар.Қасықпен жейміз.»<br>Д.ойын:«Суреттер сөйлейді». Шарты: Суреттер бойынша жұмыс.<br>Сергітусәті.<br>Д.ойын:«Электротехникалық тұрмыстықзаттардыажырат». Шарты:Электротехникалық тұрмыстық заттарды ажырата білуге үйрету. | сөздіққорын,естесақтауын және тіл байлығындамыту.<br><br>**Алаша** – түрлі-түсті жіптердентоқылатын төсеніш.<br>**Сырмақ** – киізден жасалатын,ою-өрнекпен әшекейленгентөсеніш бұйым.<br>– Суреттеркөрсетіледі немесе нақты үлгілері таныстырылады.<br>– Балаларменбіргесөздерді бірнеше рет қайталау:<br>– Бұлне?—Бұл алаша.<br>– Бұлне?—Бұл сырмақ.<br>– Алашақандай?—Түрлі түсті.<br>– Сырмаққандай?—Оюлы, киізден жасалған.<br>Өлең:<br>Алаша мен сырмақты,<br>Төсен дейді халқымыз.<br>Өрнек салып сәндетіп,<br>Шеберқолментіккенбіз.<br>**Жаттау.**<br>**Боямақпенжұмыс.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **Іс-әрекеттүрлерібойынша жұмыс**<br>Өз бетімен жұмыс.<br>**Ойын:**«Көрмені тамашалайық».<br>**Шарты:**Көрме ұйымдасты-ру.<br>**Денетәрбиесі**<br>**Міндеттері:**Аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырыменжүру.Кеудетұсынан екі қолымен допты бір-біріне лақтыра алуға үйрету.<br>**ҰІӘбарысы:**<br>**1. Кіріспебөлім**<br>**2. Жалпыдамыту жаттығулары.**<br>**3. Негізгікимыл-қозғалыс жаттығулары.**<br>**4Қимыл–қозғалысойындары.**<br>**5.Қорытындыбөлім.** | *(Сұраулы)*<br>– Алақай!Мектепке барамыз!*(Лепті)*<br>– Ойбай!Допұшыпкетті!*(Лепті)*<br>Балаларсөйлемдіқайталап айтып, интонациямен жаттығады.<br>4. Практикалықтапсырма(5 минут)<br>Суретпен жұмыс:<br>Балаларғасуреткөрсетіледі (мысалы, бала доп ойнап жүр).<br>Мұғалім:<br>– «Суреткеқарап,лепті сөйлем құрайық.»<br>Мысалы:<br>– Қарашы,олқалайсекіріп жатыр!<br>– Неткенәдемідоп!<br>– Алақай, мен ұттым!<br>Балаларөзойларынайтып жаттығады<br>**Боямақпенжұмыс.**<br>**Қорытынды.**<br>***<u>Ұлттықойын:«Теңгеалу»</u>***<br><br>**Денетәрбиесі**<br>**Міндеттері:**Балаларды сапқа тұрғызу, бір тізбекте саппен жүруге, жүгіруге жаттықтыруды жалғастыру. Баскетбол элементтерімен таныстыру.<br>**ҰІӘбарысы:**<br>**1. Кіріспебөлім**<br>**2. Жалпыдамыту жаттығулары.**<br>**3. Негізгікимыл-қозғалыс жаттығулары.**<br>**4Қимыл–қозғалыс ойындары.**<br>**5.Қорытындыбөлім.** | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **ЕҚБҚ** | **«Дыбыстар неге ұқсайды?»**<br>Дыбыстың нені еске салатындығын бірге ойластырыңыз, ал бала бейнелеуі тиіс:<br>**Мысалы,** «сссс» — піл секілді ысқырамыз.<br>«Шшшш» — дөңгелектің желі шыққандай шықылықтаймыз.<br>«Рррр» — ит немесе трактор секілді ырылдаймыз. | Дыбыстыбуында,пароним сөздерде дұрыс айту.<br>Са-шасым-шым<br>Со-шо ас-аш<br>Су-шуос-ош<br>Сы-шы ус-уш<br>Сай-шайыс-ыш<br>Сал-шал асық-ашық<br>Асыл-ашыл асыл-ашыл<br>Қасық-қашықста-шта-ста | «Ашық буынды жабық буынғаалмастыр»(доппен)<br>Са-ас ша-аш со-ос шо-ош су-ус шу-уш әс-сә шұ-ұш ше-еш | «Менімен қайтала»:<br>(Оқушықайталайды)<br>Ра – ро<br>Ти – ту<br>Жиа–шиа<br>Са – за ,ку – ту<br>СиырСылдырмақ<br>Ат Домбыра | «Орман шулайды»Жел тұрғанда,ағаштың жапырақтары«Ш-ш-ш»-деп шытырлайды-деп балаға түсіндіріп,енді қолымызды жоғары көтеріп ағаштың жапырақтары боламыз,жел тұрды –Ш-ш-ш дейміз. |
| Серуенгедайындық | Балалардыңдербесқимылбелсенділігіүшінжағдайжасау,ойынқұрал-жабдықтадыдұрыспайдаланутуралыәңгімелесу. Балалардыретіменкиіндіру(ауа-райы жағдайынабайланысты),дұрыскиінуді бақылау. (**сөйлеудідамыту, өзіне-өзіқызмететудағдылары,ірі жәнеұсақ моториканы дамыту**). | | | | |
| Серуен | Картотека№9 | Картотека№10 | Картотека12 | Картотека№14 | Картотека№19 |
| Серуеннноралу | Топқа оралукезіндежылдамқатарғатұруды дағдыландыру. Асықпайбір-бірінитермейжүруді үйрету. Топта киетінаяқкиімдерінөзбетіншеауыстырып,киюін қалыптастыру. | | | | |
| Балалармен жеке жұмыс | Ақеркеменжекежұмыс:Ойын: «Сөздердібайланыстыр»Мақсаты: Зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен байланыстырыпайтаалуға үйрету. | Аминамен жеке жұмыс: Қауіпсіздікқағидаларынсаналы түрде орындату. | Адилетпен жеке жұмыс: Салауаттыөмірсалтының құндылығынтүсіндіру. | Айлинмен жеке жұмыс: Тәулік бөліктерін ажыратуды, олар дың сипаттамалықерекшелікте рін айта білуді үйрету. | Адилямен жеке жұмыс: Бақылаулар мен сюжеттік суреттербойыншаәңгімелер құрастыра алуды үйрету. |
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)*** | Жарықтысөндір!"(шапшаңдық ойыны)<br>**Мақсаты:**Энергияныүнемдеу дағдысын бекіту.<br>**Құралдар:**Қағазданжасалғаншам макеті (жанып тұрған және сөніп тұрғантүрі)<br>**Ойынбарысы:**<br>**Тәрбиеші:**бөлмеде«Күншықты!» немесе «Түн болды!» деп айтады.<br>«Күншықты!»–балаларжарықты сөндіру керек (қимылмен көрсетеді).<br>«Түнболды!»–жарықтықосады.<br>Дұрысжауапбермегенбала–қол көтеріп не тақпақ айтып, қайта қосылады. **Энергияны үнемді тұтыну** | "Қоқысты сұрыптайық!"**Мақсаты:**Тамақты тастамай, қоқысты дұрыс сұрыптау.<br>**Құралдар:**Макет–әртүрлі қоқыс түрі:тағам қалдығы, қағаз, пластик, т.б.<br>**Ойынбарысы:**<br>Балалардұрысқоқысжәшігіне салу керек (түстерімен белгіленген).<br>«Тамаққалдығықайдакетеді?», «Қайсысынқайтақолдануға болады?»т.б.<br>**Тамақтыүнемдітұтыну** | **Вариативтікбөлім:**<br>**«Ойналайық та, ойлайық». Тақырыбы: «Менің денем».**<br>**Мақсаты:**Дене мүшелерін атау, сипаттау.<br>Мазмұны: Балалар дене мүшелерін атай біледі, олардың қызметін сипаттайды. «Денемізді танимыз», «Қимылды тап» ойындары арқылы танымдық және тілдік қабілеттері дамиды.<br>. | "Кімнеістейді?"(рольдік ойын)<br>**Мақсаты:** Балаларға үйде қалайүнемдеугеболатынын рөл арқылы көрсету.<br>**Ойынбарысы:**<br>Бір бала – "ана", бірі – "бала",бірі–"электрик",бірі – "су маманы".<br>Олар өз рөлдерін ойнап, су, жарық, тамақ үнемдеуге байланыстыдиалогжасайды.<br>**Мысалдиалог:**<br>— Ана:«Судынегеағызып қойдың?»<br>— Бала: «Тісімді жуып жатқанмын,ендікранды жауып қоямын!»<br>— Электрик:«Жарықты босқа жақпаңыздар!»<br>**Үнемдітұтыну** | "Тағамсаяхаты"(ертегіойын)<br>**Мақсаты:** Тамақты бағалау, ысырап қылмау.<br>**Ойынбарысы:**<br>Мұғалімнемесетәрбиеші «наннынсаяхаты»туралы ертегі айтып береді:<br>«Бидай егістіктен басталып, диірменге,оданнаубайханаға, сосын дүкенге, үйге келді...»<br>Сұрақтар: «Егер біз нанды тастасақ ше?», «Сонда бәрі бекер болғаны ма?»<br>Балаларөзпікірінайтады: «Нандытастауғаболмайды», «Артықалмаукерек»т.б. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардыңүйге қайтуы.** | **«Өнегелі15минут» "Менің Туым"**<br>Балаңызбен бірге түрлі түсті қағаздар,матақиындысынемесе басқаматериалдарданҚазақстан Туын жасаңыз. БаламенбіргеТудыңтүстерімен белгілерініңмағынасын талқылаңыз.. | «Өнегелі15 минут»<br>**"Батырларелі"**<br>Қағаз, қорап, қалдық материалдардан**батырларелі** бейнесін құрастырыңыз (жол, тау, киіз үй, батыр мүсіні). Батырлардың ерлігі туралы қысқашаәңгімеайтып,балаға: *«Егерсенбатырболсаң,елің үшін не істер едің?»* деген сұрақ қойыңыз. | «Өнегелі 15 минут»<br>**"МенінҚазақстаным" картасы**<br>Қағазнемесекартонбетіне Қазақстанның қарапайым картасын сызып, бірге **табиғи байлықтар мен қалалар**белгісінқойыңыз. Балаңыздан өзі білетін қаланы немесе жердіайтып беруін сұраңыз. | **"Арманым — елім үшін"**<br>Балаңызбенбіргетүрлі-түсті қағазға өзінің елім үшін не істей алатынын бейнелеуін немесе салуын сұраңыз (мысалы, ғарышкер болу, ағаш отырғызу, мектепсалу). Сурет арқылы: *«Отанға қызмететудіңжолдарыкөп екенін»* түсіндіріңіз. | «Өнегелі15минут» **"Ұлттық киімдегі қуыршақ"**<br>Ескімата,жіп,қағаздардан **қазақтыңұлттықкиіміндегі қуыршақ** жасап көріңіз. Балаңызға ұлттық киімнің ерекшеліктерітуралыайтып беріңіз (тақия, қамзол, бешпент). |